

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 179 (9497) || 1954 жылғы 8 Сентябрь Сәрсенбі || Шығуына 35 жыл  
және саны 20 ұйым.

## Жемшөп дайындаудың қарқыны бәсеңдетілмесін

Уақыт өткен сайын малдың қолда, қорала күтілетін мерзімі жақындап келеді. Мұның өзі қолхоздарда қоғамдық малдардың азық жөніндегі қажеттерін толық өтейтіндей мөлшерде жемшөп қорын жасаудың жауапкершілігін күшейте түсініп отыр. Осыған байланысты облысымыздың алдыңғы қатарлы қолхоздары СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын орындай отырып, мал азығының базасын жасауды көзгігі өте қауырты жұмыстар—егін жыйнау және астық дайындаумен қатар қызу қарқында жүргізе отырып, едәуір табыстарға жетуде. Мәселен, Преснов ауданындағы, «Красный партизан» қолхозы осы жылғы 15 августта жемшөп дайындау жоспарын тонна есебімен 100 процент орындап шықты.

Алайда, бірқатар қолхоздардың, МТС-тер мен аудандардың жемшөп дайындау жоспарының орындалмағанына қарамастан, бұл жұмысты егін жыйнау мен астық дайындау кезінде біраз бәсеңдетіп отырғанын айта кетуіміз керек. Мұның себебі кейбір жергілікті партия, совет ұйымдарының, қолхоз, МТС басшыларының бірінші егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарымен шұғылданып, жемшөп дайындау ісін бетімен жіберулерінен болып отыр. Сонымен қатар, ондай басшылар бұл аса маңызды іске ұқыпсыз қарап, жауапкершілікті сезінбейді.

Мынадай бір фактіні мысалға келтірейік: Булаев ауданындағы «Вторая пятилетка» қолхозында қоғамдық мал үшін пішен дайындаудың жоспары 30 процент-ке орындалды. Осыған қарамастан қолхоз председатели Белоус жолдас пішен дайындайтын бригадаларды таратып, онда жұмыс істеп жүрген қолхозшыларды түгелінен егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына ауыстырған. Сол сыяқты, «Страна советов», «Победа» қолхоздарының басшылары да сентябрь айының басынан бері пішен шабууды мүлдем тоқтатып қойған. Ал, сентябрьдің алғашқы бескүндігінде Буденный атындағы қолхозда 10 гектар, Стаханов атындағы қолхозда 60 гектар, Ленин атындағы қолхозда 87 гектар ғана шабындықтардың шөбі шабылған.

Бұл аудандағы «Новый путь», Калинин атындағы, Сталин атындағы, Коминтерн атындағы қолхоздарда 600—900 гектар жердің шабылған шөбі жыйна-

ғив МТС-нің қамтуындағы қолхоздар 1 сентябрьден 5 сентябрьге дейін 211 гектар жердің шөбін шапты. Ал, осы мерзім ішінде Полудень МТС-нің қамтуындағы қолхоздарда бір де гектар жердің шөбі шабылған жоқ. Ал, бұл екі МТС-тің қамтуындағы қолхоздарда ауа райының жағдайы бірдей болып тұр. Міне, бұл факті пішен дайындауға басты бөгет ауа райының қолайсыздығы емес, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары басшыларының бұл маңызды іске жете мән бермеушілігі екенін көрсетеді. Сондықтан да пішен дайындау жоспарының Соколов, Конюхов, Мамлюг, Петропавл, Совет аудандары бойынша осы уақытқа дейін жартылай да орындалмауы кездейсоқ емес.

Жемшөп сүрлеу жөніндегі жоспар Тимирязев атындағы МТС бойынша 12,7 процент, Шағлы МТС бойынша 13,9 процент, Ленин атындағы МТС бойынша 16 процент, Петропавл МТС бойынша 16,4 процент, Образцовой МТС бойынша 17,5 процент ғана орындалған. Солай бола тұрса да, бұл МТС-тердің қамтуындағы қолхоздарда соңғы екі бескүндікте жемшөп сүрлеу жұмысы мүлдем тоқтатылған. Қолхоз басшылары жауын-шашынды күндері егін жыйнаудан, шөп шабуудан, мая салудан басаған адамдарды, көліктерді жемшөп сүрлеуге пайдалануды ұйымдастырмаған.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету, оның өнімділігін арттыра беру міндетінің ойдағыдай шешілуі жемшөп қорының мол жасалуына тығыз байланысты екені кәміге болса да мәлім. Сондықтан жемшөп дайындауға әрбір қолхоз өздерінің күш-мүмкіншіліктерін толық пайдалануға тиіс. Шөп машиналарының маялағыштардың, басқа да машиналардың қуатын тиімді пайдалану, қолхозшылардың еңбек өнімділігін арттыру ісін дұрыс ұйымдастыру қажет. Пішен дайындауда жүрген қолхозшылар мен механизаторларға күндік, бескүндік тапсырмалар беріп, олардың толық және асыра орындалуын қамтамасыз ету керек. Шөп шабу мен шабылған шөпті маялаудың арасында аспақтықтың болуына жол берілмесін. Мұны әрбір МТС директорлары мен қолхоз председателдері өздерінің тікелей бақылауына алулары тиіс.

## Барлық күш-мүмкіншілік егін жыйнау мен астық дайындауды тездетуге жұмсалсын

### ЖАСТАРДЫҢ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСЫ

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру жөніндегі жүзеге асырып отырған шаралары ауданымыздың барлық еңбекшілерінің, әсіресе, комсомол-жастардың қуатты еңбек өрлеуін туғызды. Егін жыйнау, астық дайындау, қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету жұмыстарын бүгінгі күннің талабына сай жүргізуде ауданның комсомол-жастары еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп келеді. Тек егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарында ғана 726 комсомолецтер және көптеген одақта жоқ жастар жұмыс істейді. Олардың көпшілігі жұмыстың ең жауапты учасқтарына тағайындалған.

Үстіміздегі жылы астықты ысырапсыз жыйнап алу мақсатымен алдыңғы қатарлы комсомолецтерден және комсомолда жоқ жастардан арнаулы 60 комсомол-жастар бригадасы ұйымдастырылды. Оның 11-і трактор бригадасында, 9-ы комбайн агрегаттарында, қалғандары астық тазалау, астық тасу сыяқты жауапты жұмыстарда істейді. Бұл комсомол бригадаларына жергілікті бастауыш партия ұйымдары күнбе-күн басшылық жасап отырады. Комбайн агрегаттарында, трактор бригадаларында астық тазалау, оны тасу жұмыстарында істейтін комсомол-жастардың социалистік жарысын аудандық комсомол комитеті әр онкүндікте қорытындылап, олардан үздік алда келе жатқан озаттарды көрсеткіш тақтаға жазып отырады. Социалистік жарыстың үздік озаттарына аудандық комсомол комитетінің ауыспалы қызыл вымпелі тапсырылады.

Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарында еңбек етіп жүрген комсомол бригадаларының барлығында дерлік социалистік жарыс қызу өрістетілген. «Борьба за коммунизм», «Көктерек», Ленин атындағы, Киров атындағы, Аманкелді атындағы қолхоздардың және Совет МТС-нің № 17 және 18 комсомол-жастар бригадалары алда келеді. Бұл комсомол-жастар бригадалары өздерінің қажырлы еңбектерімен көктемгі жер жырту жұмыстарында кәзіргі астық жыйнау науқа-

барлық күш-мүмкіншілік егін жыйнау мен астық дайындауды тездетуге жұмсалсын: И. Мұқашев.—Жастардың социалистік жарысы. А. Никифоров.—Жақсы ұйымдастырылған жұмысқа жауын бөгет емес (1-бет). Қазақ ССР Министрлер Советінде (2-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: С. Берінбаев.—Партия ұйымының ролін төмендетуге болмайды. В. Лавров.—Ұмыт қалған ұйым (2-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ: И. Павлов.—Жаңа жерлердің байлығы (2-бет). ҚОҒАМДЫҚ МАЛҒА ҚҰНАРЛЫ АЗЫҚ, ЖАЙЛЫ ҚОРА ЖЕТ-

пінділары шығарылып отырылады. Ол шығарылған қорытындылар қабырға галереяларында, жауынгерлік листоктарға, көрсеткіш тақтаға жазылады. Мұның өзі еңбек озаттары қатарының күн сайын көбейе түсуіне жағдай туғызуда. Сонымен бірге, комсомол-жастар бригадаларының өндірістік кеңестерінде сын мен өзара сын барыпна өрістетіледі. Жұмыстары кемшіліктер, оның себептері мұндай кеңестерде әңгіме үстінде қатты сыналады. Озат тәжірибелер ортаға салынады.

Бұл қолхозда жұмыс істейтін трактор бригадаларының өзара социалистік жарысында Просол жолдас басқаратын № 1 комсомол-жастар трактор бригадасы алда келеді. Бұл бригадалары тракторшылардың барлығы комсомол мүшелері. Олардың социалистік жарысты өрістетіп отырып, трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 20 августқа дейін бригада бойынша 92 процент орындап, 4950 килограмм жанар, жағар май үнемеді.

Совет МТС-нің № 17 трактор бригадасы да (бригадирі Помолоев, комсомол комитетінің секретары Коромеяна жолдас) зор табыстарға жетіп отыр. Бұл бригада жылдық тапсырмасын 96 процент орындап, 3916 килограмм жанар, жағар май үнемеді. Осы сыяқты, Қолыков жолдас басқаратын № 9, Попов жолдас басқаратын № 18, Анохин жолдас басқаратын № 12 трактор бригадалары да келеді табыстарға ие болуда.

Өндірістік жоғары көрсеткіштерге ие болып жүрген механизатор-комсомолецтер мен жастар біздің мақтаншымыз. Комсомолец-тракторшы Захаров, оның сменнигі Колоткин жолдас «С-80» тракторымен 2 мың гектар жер жұмыстауға міндеттеме алған болатын. Олар бұл міндеттемелерін 20 августа толық орындап, міндеттеменен тыс қосымша 360 гектар жер жыртты. Сол сыяқты, партияның шақыруымен Кубаньдан келген ВЛЖО мүшесі тракторшы В. Жуковцев жолдас «ДТ-54» тракторымен сменалық тапсырмасын үнемі 200-250 процент орындайды. Алдыңғы қатарлы комсомол-

ның қолайсыздығына қарамастан тәулігіне 20 сағаттан жұмыс істеп, мол астық бастыруға жетісін келеді.

Комсомол ұйымдарындағы өрістеп отырған социалистік жарыс жастарды еңбекке, мол табысқа жеткізіп қана қоймай, олардың социалистік еңбекке деген сүйіспеншілігін арттырып, коммунистік рухты тәрбиелейтін зор мектеп болып табылады. Алайда, кейбір қолхоздардағы, совхоздардағы және МТС-тердегі комсомол бригадаларында социалистік жарыстың нашар жүргізіліп отырғанына жеңіл-желпі тарауға болмайды. «Аралтаған» қолхозы (бастауыш комсомол ұйымының секретары Түйгенбаев жолдас), «Красный полтавец» қолхозы (бастауыш комсомол ұйымының секретары Осипов жолдас), «Победа» қолхозы (бастауыш комсомол ұйымының секретары Хутеев жолдас) комсомол ұйымдары, комсомол-жастардың социалистік жарысын өрістетуге мән бермей келеді. Бұл ұйымдарда социалистік жарыс тек формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Жарыс қорытындылары шығарылып тұрмайды. Қабырға газетгері, жауынгерлік листоктар, әңгіме өткізу, озаттардың іс тәжірибелерін насихаттау мүлде қанағаттанғысыз жүргізіледі. Алынған міндеттемелердің орындалу барысы тексерілмейді. Комсомол жыйналыстары өте сирек өткізіледі. Ол жыйналыстарда кемшіліктер қатты сыналып, оны жоюдың шаралары белгіленбейді. Мұндай жағдайлар Киров астық совхозының бастауыш комсомол ұйымында да кездесіп отыр.

Кәзіргі егін жыйнау, астық бастыру науқанында комсомол ұйымдары және комсомол мүшелері үлкен күш болып табылады. Аудан комсомол ұйымдарының бұл науқанда социалистік жарысты мейлінше өрістетіп түсіп, еңбек қарқынын арттыра беруіне барлық мүмкіншіліктері бар. Сондықтан да комсомол ұйымдары өз жұмыстарындағы орын алып отырған кемшіліктерді пұғыл жойып, кәзіргі ең негізгі мәселе—егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына бөлекше

КІЛІКТІ ӨЗІРЛЕНСІН: А. Жолдығарин.—Мал шаруашылығын онан әрі өркендету. А. Карпенко.—Мал қыстауға тыңғылықты өзірленейік. Жақыпсов.—Мал азығын дайындауды тоқтатып қойды (3-бет).

М. Морозова. Мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жағары сатыға көтереміз (3-бет).

Қ. Жұмалиев.—Жас мамандарды орынды пайдаланбайды (3-бет).

П. Винокуров.—Болгар халқы социализм жолында (4-бет). Шетел хабарлары (4-бет).

### Жақсы ұйымдастырылған жұмысқа жауын бөгет емес

Полудень ауданының қолхозшылары көктемгі егісті агротехникалық ережелерге сайкес өткізгендіктен, кәзір барлық қолхоздар егіннен мол өнім алуға жетісті. Ауданның көптеген қолхоздары орта есеппен егіннің гектарынан 13 центнерден, жеке-жеке учасқотерден 20 центнерден өнім алууда. Осы табысты тұрақтандыру мақсатымен аудан қолхозшылары астық ысырабына жол бермеу және мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінде орындау үшін қажымай еңбектеніп келеді.

Ауа райының жағдайсыз кездерінде де Чашаев, Тельман атындағы қолхоздар жұмысты тоқтаусыз жүргізуде. Астық кептіру, оларды тазарту жұмыстары жақсы ұйымдастырылғандықтан бұл қолхоздарда мемлекетке астық тапсыруды үздіксіз жүргізуге жағдай жасалды.

Чашаев атындағы қолхозда қырман басындағы жұмыс, толығынан механикаландырылған. Онда бір «ВМ» және 5 сортировка бар. Олар двигателі күшімен жүргізіледі. Мұнда дайындау пұштерінде астық тасуда 6 машина, ондаған көлік жүр. Қолхоз мемлекетке 6 мың центнердей астық өткізді.

Тельман атындағы қолхозда да астық тазарту жұмысы түгелінен механикаландырылған. Мұнда қолхозшы Баун жолдас-тың конструкциясы бойынша жасалған өздігінен жүретін сортировка жұмыс істейді. Онымен тәулігіне мың центнерге дейін дән тазартуға болады. Қолхоз жауынды-шашынды күндердің өзінде күн сайын мемлекетке 300-400 центнерден астық тапсырып келеді.

Бұл қолхоздар жауынды-шашынды күндерде элеваторға тасыйтын астықты құрғақ жеткізу мақсатымен фашерден брезентпен және

маң жатқанына жарты айға жуық уақыт өтті. Соңғы күндерде болған қатты жауындылар бұл шөп суға тиіп, азықтық сапасын көп кемітті. Бірақ, бұл жағдай аталған қолхоздардың басшыларын қым-жылтатып көрінбейді. Олар шөпті шабу мен жыйнаудың арасындағы алмағайыпты жоюдың шараларын әлі де жүзеге асыруды ұйымдастырмай отыр.

Ауданның қай қолхозы болсын, мал қоралары маңына шөп тасу жұмысын мүлдем тоқтатып қойған деуге болады. Мал азығының берік базасын жасау ісіне қолхоз басшыларының осыншама жауапсыз қарауымен Калинин атындағы, Булаев МТС-терінің басшылары мен мамандары, әресе, МТС директорлары Елжин, Лепехин жолдастар келісіп отыр. Ол-олма, тіпті МТС басшыларының өздері шөп шабуға, мал салуда жүрген тракторларды басқа жұмыстарға пайдалануға қосып, пішен дайындау жұмысының бәсеңдетілуіне өздері себепкер болып келеді. Ал, бұл жағдайды аудан басшылары көре-біде тұра жол беруі таңқаларлық іс.

Жемшөп дайындау жұмысының қарқыны Мамлют, Преснов, Октябрь аудандарында қолхоздарында да өте-мөте баяу. Мұны дәлелдеу үшін сентябрьдің алғашқы бескүндігінде Мамлют ауданындағы қолхоздарда 25 гектар, Преснов ауданындағы қолхоздарда 28 гектар, Октябрь ауданындағы қолхоздарда 76 гектар шабындықтың ғана шөбі шабылғанын айтудың өзі жеткілікті.

Пішен дайындаудың соңғы кезде мүлдем бетімен жіберілгенін кейбір аудан, МТС, қолхоз басшыларының «ауа райының қолайсыздығынан» деген желеумен бүркемелегісі келеді. Бұл дұрыс емес. Мәселен, Нолудень ауданындағы Ново-Геор-

гиян азығының қорын толықтырудың үлкен бір резерві — сабан-топан болып табылады. Осыған қарамастан көптеген қолхоздарда жыйналған егіннің сабанын маялау ұйымдастырылмай отырғаны қынжыларлық жағдай. Октябрь ауданындағы қолхоздарда жыйналған 24851 гектар дөңді дақылдар егіннің сабаны әлі күнге дейін маяланбаған. Қолхоз, МТС басшылары сабанды маялау жұмысын ұйымдастыруды тіпті ойлайтын да көрінбейді. Істің жайы Ленин ауданындағы Куйбышев атындағы, Ильич атындағы, Пушкин атындағы МТС-тердің, Преснов ауданындағы Майбалық, Николаев МТС-терінің, Приешім ауданындағы Тимирязев атындағы МТС-тің қамтуындағы қолхоздарда да осындай. Бұған төзімдік жасауға болмайды. МТС, қолхоз басшылары егін жыйналғаннан кейін оның сабаны мен топанын іле-шала маялауды ұйымдастыруға міндетті.

Жемшөп балансында сүрленген мал азығы қорының мол болуының маңызы зор. Сондықтан да СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы әрбір қолхозда сыйыр басына кемінде 5-6 тонна шөп сүрлеу қажет деп есептеді. Шөп сүрлеуің бұл көлемге жеткізілуіне облыс қолхоздарында мүмкіншіліктер де бар. МТС, қолхоз басшылары сол мүмкіншіліктерді толық пайдалануды ұйымдастыра отырып, жемшөп сүрлеу жөніндегі белгіленген жоспардың әрбір қолхоз бойынша орындалуын қамтамасыз етулері керек.

Жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары мал азығын дайындау ісіне күнбе-күн басшылық жасап, мал шаруашылығын өркендете беру жөнінде партия мен үкметіміздің қаулысын бұлжытпай жүзеге асырулары керек.

## Өнім шығару төрт есе көбейтілді

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Еліміздегі ең ірі комбинаттардың бірі — Семейдің Калинин атындағы ет-консерві комбинатының қатарға қосылғанына 20 жыл тоқты. Кәсіпорын осы уақыт ішінде өнім шығаруды төрт есе көбейтті. Соғыстан кейінгі жылдарда комбинат бұзылған ыдыс жасайтын заводты қатарға қосып, тоңазытқыштарды едәуір кеңейтті. Заводтың барлық цехтарындағы ескірген жабдықтардың орнына неғұрлым жоғары өнімді жабдықтар орнатылды. Консерві және шұжық заводтары жаңа автоматтық жолдар алды.

Комбинат коллективі бүкілодақтық со-

## Мемлекетке астық сатудан түскен қаржы

САРҚАНТ. (Талдықорған облысы), (ҚазТАГ). Сарқант ауданының «Производственная смычка» қолхозы астық тапсыру жоспарын ауданда бірінші болып орындады, МТС-пен толық есеп айырып, тұқымдық, жемдік және сақтық қорларын жасады, қолхозшыларға зәттай аванс берді. Быйыл қолхозда егін мол өнім беруде. 1850 гектар жердегі күздік бидай орта есеппен 20 центнерден өнім берді. Қолхоз мемлекетке 1.000 центнер астық сатты. Мемлекетке сату есебіне

тапсырылған астық үшін артель 1.750 мың сом ақша алды.

Мемлекетке сатылған астық үшін алынған қаржыға ауылшаруашылық артелі механикаландырылған сыйыр қорасы мен шошқа қорасын салуда, үш жүк автомашинасын сатып алады. Хрущев атындағы, Партияның XVI съезі атындағы, «Красный октябрь», «Энергия» және басқа қолхоздар мемлекетке астық сатудан түскен қаржыға құрылыс материалдарын, автомобильдер, ауылшаруашылық машиналарын сатып алады.

ында ұйымшылықтың, іскерліктің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді.

«Борьба за коммунизм» қолхозының бастауып комсомол ұйымында 20 комсомол мүшесі бар. Олардың барлығы өзара социалистік жарыспен қамтылған. Көптеген жеке комсомол мүшелері қоғамдық жұмыстар атқарады. Бұл бригадала әрбір онкүндікте социалистік жарыстың қоры-

## Күніне 25—30 гектар

Жданов атындағы қолхозда (Преснов ауданы) өткен жылы 7 мың центнерден астық бастырған Қалмаков, Жақыпов сияқты Николаевка МТС-нің озат комбайншылары жұмыс істейді. Егін орағы басталғаннан бері бұл комбайншылар «Сталинец-6» комбайнымен күніне 25-30 гектар жердің егінін жыйнап, одан күн сайын 300-350 центнерден астам астық бастырып жүр. Комбайншылар ауа райының қолайсыз болуына қарамастан егін жыйнау науқанын 20 жұмыс күні ішінде аяқтап шығу мақсатымен барлық күн-мүмкіншіліктерді толық пайдаланды. Көзір қолхозда 1500 гектарға жуық жердің егіні орылды.

Б.ЕЛЕУКЕНОВ.

Көзір егін жыйнау, астық дайындау ісінде комсомол-жастар арасында еңбек қарқыны үдей түсіп отыр. Мысалы, Ленин атындағы қолхозда В. Ульянов жолдас басқаратын «Сталинец-6» комбайн агрегаты күнделік тапсырмасын 150-200 проценттен орындап, 12 күннің ішінде 264 гектар егін жыйнап, 1080 центнер астық бастырды. Ол ауа райы-

ғысулары керек. Сөйтіп, СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын, сол сияқты, партиямыз бен үкметіміздің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі бұдан кейінгі қарарларын да мұлттық жүзеге асыру ісіне келеді үлес қосуға жетісуіміз қажет.

И. МҰҚАШЕВ,  
ҚЛЖО Совет аудандық комсомол комитетінің секретары.

## АСТЫҚ ТАСУДЫҢ ОЗАТТАРЫ

Узынқол совхозының № 2 бөлімшесіне Сталин облысы, Славянск авторотасынан 35 жүк автомобилі көмекке келді. Олардың 25-і комбайн астық қабылдауға бекітіліп, қалғандары Булаев элеваторына астық тасуға бөлінді. Бұл шоферлардың көпшілігі бірінші, екінші класты мамандар.

Мемлекетке астық тасуда шоферлар арасындағы социалистік жарыста Антон Шулин жолдас озық келеді. Ол қолхоз қырманьнан 70 километр қашықтықтағы элеваторға күн сайын төрт рет қатынап отырғаны үшін «Астық тасудың озаты» жалауын алды. Соңғы кездерде Шулин элеваторға 100 центнерге дейін астық жеткізіп, күніне 130 сомнан еңбекақы

тауып жүрді.

Ол таңғы сағат 4-тен, түнгі 12-ге дейін жол жүріп, элеваторға бес рет қатынап, бір күнде 700 пұт астық жеткізді. Сөйтіп, «Үздік астық тасушы» ымыпеліне ие болды.

Шоферлар Дзюба және Кисель жолдас-тар күнделікті тапсырмаларын үнемі 140-150 процент егін асыра орындауда. Шоферлардың осындай ынталы істеуі арқылы бөлімше күн сайын элеваторға 10 мың пұт астық өткізеді. Көзір егін жыйнауға жатыстырылған еңбекақы төлеу туралы бұйрыққа байланысты еңбек өнімділігін арттыру жолында шоферлар арасында жарыс қыза түсуде.

Б. ЖАҚАНОВ.

## БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ



Москва. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде «Халықтар достығы» фонтаны мен Бас павильонның көрінісі. (СОТА-ның фотохроникасынан).

қыштар жасаған.

А. НИКИФОРОВ.

## Жоғары көрсеткіштер

Петропавл МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Х. Шварц жолдас Ставропольдық комбайншылардың шақыруын қызу қуаттап, тірсеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен Сталин атындағы қолхозда 1500 гектар егін жыйнауға міндеттенгенді. Ол өз міндеттемесін орындау жолында аянбай еңбек етіп жүр. Комбайншының техникалық күтімін жақсартып отырып, олардың қалтқысыз жұмыс істеуіне жетісуде Шварц жолдас күн сайын 40—60 гектар егін жыйнайды. Осының нәтижесінде ол аз күн ішінде 652 гектар егін жыйнап, мыңдаған центнер астық бастырды.

Егін орағына кіріскеннен бері оның агрегаты техникалық жарамсыздықтан бір рет те тоқтаған емес. Шварц жолдас комбайндарға техникалық күтім жасауды күн сайын жұмыстан кейін жүргізеді. Таңертең, жұмыс басталар алдында тез қозғалыста болатын бөлшектерді майлауды ұйымдастырады. Өзі комбайндардың моторларын, басқа да күрделі бөлшектерін тексеріп, байқалған ақауларды жоюды. Мұның бәрине небары бір сағат ғана уақыт жұмсалады.

Шварц жолдас күніне 18—20 сағат тоқтаусыз жұмыс істейді. Түскі тамақты агрегат мүшелері кезектесіп ішу арқылы комбайнды тоқтатпайды. Ауа райы қоңайлы болған жағдайда, агрегат егін жыйнауды түнде де жүргізе береді.

Агрегат мүшелері егінді ысырансыз жыйнауға ерекше назар аударады. Осы мақсатпен комбайн молотилкасының астына дән тұтқып орнатылған. Бірінші және екінші шикерлер алынған кіші сабан транспортері ұзартылған. Жатып қалған масақты көтеру үшін кесуші аппараттарға арнаулы тетік орнатылған.

Шварц жолдасын егін жыйнауындағы қажырлы еңбегі жоғары бағаланды. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас Комитеті Х. Шварцті үстеміндегі жылғы егін жыйнауға жоғары көрсеткіштерге жетіскені үшін 1954 жылы жермеге қатысуға бекітті. Бұл зор құрмет агрегат мүшелерін еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра беруге жігерлендіре түсті.

З. ҚАСЕНОВ.

## Нормасын асыра орындайды

Преснов совхозының № 3 фермасында егін жыйнап жүрген комбайншы К. Ваимберг жолдас комбайн қуатын өнімді пайдаланып, еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Ол 12 жұмыс күні ішінде бір «Сталинец-6» комбайнымен 178 гектар егін орып, 2 мың центнерге жуық астық бастырды.

Ваимберг жолдас машинаны техникалық күтімде ұстай отырып, оның жұмыс уақытында тоқтап тұруына жол берген жоқ. Совхоз басшылары агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдай жасаған.

Комбайншы егінді қысқа мерзімде жыйналуын қамтамасыз ету мақсатымен еңбек өнімділігін бұдан да арттыруға міндеттеніп отыр.

А. ҚАЗИЕВ.

# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Партия ұйымының ролін төмендеуге болмайды

Мамлют аудандық партия комитетіндегілердің айтуынша «Заря коммунизма» колхозының бастауыш партия ұйымы колхоз өндірісін ұйымдастыруда, колхозшылар арасында бұқаралық-саяси жұмыстарды жүргізуде, сөйтіп, колхозды табысқа жеткізуде айтарлықтай жұмыс істеп отырған ұйымдардың бірінен саналады.

Бірақ, істің шыр мән-жайымен таныса келгенімізде олай болмай шықты. Бастауыш партия ұйымының (секретары Карастелев жолдас) жұмыс ауылшаруашылық артелінің алдында тұрған бүгінгі міндеттерді шешу дәрежесінде болмай отыр. Партия ұйымы колхозшыларды колхоздың ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуға, қажырлы еңбекке жұмылдыра алмай келеді.

Ал, аудандық партия комитетінің секретары Савин жолдасы бұл ұйымның жұмыс жайын білмейтіні тіпті сондай, ол партия ұйымының секретары кім екенін де білмейді.

— Партия ұйымының секретары Мұхамедиев көптен бері істеп келе жатқан, өзінің міндетін жақсы білетін секретарьлардың бірі, — деп адасады ол.

— Рафу етіңіз, ол ұйымның секретары Мұхамедиев емес, Карастелев қой, — деген адамға Савин жолдас не айтарын білмей қызарағандай.

Рас, бұрын партия ұйымының секретары Мұхамедиев екен, соңғы кезде ол оқытушылық қызметінен босанып, басқа қызметке ауысқан. Колхоз партия ұйымының көптен бергі секретары Карастелев. Бұл жағдай аудандық партия комитетіне, оның секретарына мәлім емес көрінеді. Осының өзі-ақ аудандық партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарына басшылығы, көмегі, олармен байланысы қандай екенін толық дәлелдейді.

«Заря коммунизма» — аудан орталығынан 8 километр жерде тұратын, шаруашылық жұмыстарды орындауда ауданда жыл сайын артта қалып келе жатқан колхоз. Міне, мұндай колхоздың партия ұйымына аудандық комитет үнемі көңіл бөліп, оның жұмысын жақсарту үшін көмектесіп отыру керек еді. Бірақ, іс жүзінде олай болмай отыр. Аудандық комитеттің ісқастындағы колхоз партия ұйымы елеусіз қалып қойған.

Еңалдымен, бұл партия ұйымының жұмысында ойланғын жасалған белгілі жұмыс жоспары жоқ. Партия ұйымы жұмысты жыл басынан бері жоспарсыз істеп келген. Коммунистерге партиялық тапсырма берілмеген.

— Мен партия ұйымының жұмысын қалай жоспарлау керек екенін, коммунистерге қандай тапсырма беретінін жөнді білмеймін. Өйткені, партия ұйымына секретарь болғаным быйыл бірінші жыл.

тіпті көктем егісінен кейін үгіт жұмысын мүлдем тоқтатып қойған.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қарарлары колхозшыларға кеңінен түсіндірілмеген. Партия ұйымының секретары үгітшілердің жұмысын бақылап, оған басшылық етіп отырмайды, үгіт жұмысының жоспарын жасамайды. Пішеништер мен егіншілер арасында еңділіктің жарыс формалы ұйымдастырылған. «Қабырға газеті», жауынгерлік листоктар шығарылмайды. Қос басында көрсеткіш тақтасы ұйымдастырылмай, соңғы үш айдан бері дала қостарында бірде-бір лекция оқылып, әңгіме өткізілмеген. Көрек десе, дала қостарында колхозшылардың жұмыстан бос уақыттарында оқуына газет, журналдар да жоқ.

Партия ұйымының жұмысындағы осы айтылған кемшіліктердің барлығы колхозда ауылшаруашылық жұмыстарының мейлінше оқпалыққа ұшырауына, еңбек тәртібінің нашарлауына, жарыста алынған міндеттемелердің орындалмауына әкеліп соғып отыр. Атап айтқанда, колхозда қоғамдық малға жемішпен қорын дайындау жұмысы нашар. Өздігінен жүретін бір шөп машинасы және тракторға тіркелетін екі агрегаты бар осы колхозда соңғы бір бескүндікте 4 гектар рана жердің шөбі шабылды. Біз мынадай төзгісіз фактілердің күәсі болдық.

Пішеништер бригадасы колхоз орталығынан 6 километр жерде. Бірақ, пішеништердің қосында күзетшіден басқа ешкім қонбайтын көрінеді. Пішеништердің бәрі де жұмысқа селден келеді. Ал, бригадир, коммунист Байшуақов жолдас колхоздың бір атын мініп, аудан орталығына кыдырып кеткен. Партия ұйымының секретары Карастелев жолдасын мұнымен ірі жоқ сыяқты. Ол пішеништер бригадасында не болып, не қойып жатқанын мүлдем білмейді.

Пішеништер бригадасында есеп-қыйсап жұмысы, жұмыс нормаларының орындалуын бақылау, графикпен істеу дегендер атымен жоқ. Жұмысты әркім өз қалауынша істейді. Еңбек тәртібі қатаң сақталмайды. Тіпті бригадаларда жыл басынан бері бірде-бір еңбекжұн тапнаған колхозшылар да бар. Бұлардың көпшілігі колхоз басшылары мен активтердің сөзбазары.

— Кәзір колхозшылардың бәрі егін орағымен айналысып жатыр. Жемішпен қорын дайындауды кейіннен жақсартамыз, — дейді шіміркістепен колхоз председатели Халин жолдас. Зиянды пікірдің шаршауында болып, ол мал қыстауға өзіндік жұмысын елеусіз қалдырып келеді.

Колхозда егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмысы да қанағаттанғысыз жүргізілуде. Мың гектардан астам

## ҰҢЫТ ҚАЛҒАН ҰЙЫМ

Үстеміздегі жылы көктемде Каганович атындағы колхоздың комсомолері Н. Батурина жолдасы комсомол ұйымының секретарына сайлап, жастар арасындағы жұмысты жақсартуды талап еткен-ді. Бірақ амал не, комсомолердің талабы толық орындалмай отыр.

Біраз уақыттан кейін жаңа сайланған жас секретарь ешкімнен көмек ала алмай, жастардан өзін аулақ ұстауға айналды. Совет аудандық комсомол комитетінен келген жолдастар Батурина жолдасқа нақтылы көмек көрсетпей, мәліметтер жыйнаумен қанағаттанды. Осылай болғандықтан комсомол ұйымының секретары Батурина соңғы кезде комсомолердің жыйналыстарын өткізуді ұмыт қалдырды. Село жастары бос уақыттарында көшеде бөлек-бөлек жүріп, мәдениетті дем ала алмайды. Өйткені, жастардың мәдениет орталығы — клубты колхоз басқармасы өзінің кеңсесіне айналдырды.

Кәзір астық үшін күрестің қызу кезеңі. Қырманарда мыңдаған центнер астық мемлекет қоймаларына жөнелтілмей, үйіліп жатыр. Алайда, комсомол мүшесі Маркер сыяқты кейбір жастар колхоз өндірісіне үнемі қатыспайды.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі қызметкерлерінің колхозда болғанда комсомол ұйымының жұмысымен терең шұғылданып, оны жақсарту жөнінде практикалық көмек көрсетеулеріне біздің таңмыз бар. Аудандық комсомол комитетінің секретары Мұқаншев жолдас колхоз комсомол ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді жақсы біледі. Бірақ, ол колхоз жастарының өндірістік белсенділіктерін арттыру, олардың рухани тілегін қанағаттандыру жөнінде бастауыш комсомол ұйымына қажетті басшылық жасамай отыр.

Бүкілхалықтық міндетті орындауда, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуде жастардың ролі зор. Олай болса, колхоз комсомол ұйымының жұмысын жана міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастыру қажет.

В. ЛАВРОВ.

## Ғылыми-атеистік насихат

Саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі облыстық қоғамның президенті өзінің мәжілісінде ғылыми атеистік насихатты жақсарту жөнінде мәселе талқылап, бұл жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Кәзір облыстың өнеркәсіп орындарында, колхоздары мен совхоздарда қоғам мүшелері еңбекшілер үшін ғылыми атеистік тақырыптарға көптеген лекциялар оқып жүр. Мәселен, жақында Петропавл оқытушылар институтының оқытушысы, биология ғылымының кандидаты Шыжов жолдас Булаев ауданында 10 күндік болды. Ол Маленков атындағы, Жданов атындағы, Булаев совхоздарында бірнеше рет лекция оқыды. Оның «Ауылшаруашылық



СУРЕТТЕ: Жамбыл атындағы жаңадан ұйымдастырылған астық совхозына Москвадан келген электрмен болат балқытудың озаты М. Стручников жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Кітап оқушылар конференциясы

Жақында Совет ауданының аудандық кітапханасы «Менің сүйікті кітабым» деген тақырыпта кітап оқушылар конференциясын өткізді. Бұған көптеген кітап оқушылар қатысты. Кітап оқушылар Лацистың «Жаңа жиекке қарай», Коцюбинскийдің «Морган суреті», Казакевичтің «Одердегі көктем» және басқа көркем шығармалар жөнінде өздерінің пікірлерін айтты. Аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары кітап оқушылар конференциясына қатысушыларға концерт қойып берді.

Кәзір аудандық кітапхана Антонина Коптявананың «Иван Иванович» деген кітабы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге әзірленіп жатыр. Мұнда баяндама жасау үшін кітапхана активі тартылды.

М. ДВОРЯНИКОВА,

Совет аудандық кітапханасының меңгерушісі.

## Мәдени-ағарту мекемелерінің саны өсуде

Жыл сайын Петропавл ауданында мәдени-ағарту мекемелерінің саны көбейіп келеді. Кәзір ауданның колхоз, совхоздарында 8 жылжымалы кино, 6 селолық клуб, 4 селолық кітапхана және 6 оқу үйі жұмыс істейді. Бұдан басқа быйыл 30 жылдық Қазақстан атындағы, Киров атындағы және Жамбыл атындағы клуб жұ-

## Қазақ ССР Министрлер Советінде

### Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты оны мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына байланысты оны мәңгі есте қалдыру мақсатымен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Алматы қаласында вокзал жанындағы алаңда қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнатылсын.

2. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының үйінде Абай Құнанбаевтың қолдан жасалған бюсті қойылсын.

3. Алматы қаласында Абай Құнанбаев әдебиет музейінің үйі салынсын.

4. 1955—1956 жылдар ішінде қазақ және орыс тілінде Абай Құнанбаевтың шығармаларының толық жыйнағы және оның өміріне, творчествосы мен қоғамдық қызметіне арналған монографиялық еңбектер дайындалып және басылып шығарылсын.

### Абай Құнанбаевтың ескерткішінің ірге тасының салтанатпен қалануы

5 сентябрьде, Алматыда, вокзал жанындағы алаңда Абай Құнанбаевтың ескерткішінің ірге тасын салтанатпен қалауға арналған республика астанасы еңбекшілерінің көп адам қатысқан митингісі болды. Митингінің Алматы қалалық партия комитетінің секретары А. И. Неклюдов ашты.

Сөз Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына елу жыл толуына арналған салтанаттарды өткізу жөніндегі үкметтік комиссияның председатели, Қазақ ССР Министрлер Советінің Председатели Е. В. Тайбековке берілді.

Ол қазақ халқының көп ғасырлық мәдениетінің ең жақсы қасиеттерін өз бойына сіңіре білген және бұл мұрамын орыс мәдениетінің игі әсерімен байытқан ұлы ақын — ойшыл туралы айтты. Қазақ даласына Абаймен бірге Пушкин келді. Қазақтың ақын-ағартушысы жасаған Лермонтовтың көптеген аудармалары осы уақытқа дейін өзінің шеберлігі жағынан төңдесі жоқ болып табылады. Абай ССРО-ның барлық халықтарына еркін және бақытты өмірдің жаршыларының бірі ретінде қымбатты. ССРО Совет жазушылар одағы атынан митингіде Леонид Леонов сөз сөйледі. Ол Абайдың аса зор таланты туралы айтты.

— Бұл арада біздерді бұдан жарты ғасыр бұрынғы сыяқты ертедегі, естіп көрмеген алқап қоршайды. Оған жаңды социалистік жаңашылдықтың әсері тиді.

Шындығында, қатаң тарихи дағдырдың шытырмандығында, деді Л. Леонов, адамға үшін қанатты ақыл мен қыранның қырағылығы керек еді. Өзінің халқына аспан әлемінің биік шынарынан көрінген болашақты нұсқау үшін аса зор дауыс керек еді. Ең ақырында, бұл дауыс бұдан 100 жылдар бұрын қараңғылық басқан жағдайдан асыра естірту үшін атақты өлеңде айтылатындай «Қараңғылық пен анандықтың жіпркенішінен жек көретін» сирек кездесетін батылдық керек еді. Өз халқының жол көрсетуші — адамы болған, осы арадағы мемориалдық гранитте аты жазылған Абай Құнанбаев осындай адам болды.

Митингіде сол сыяқты, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Д. А. Қонаев және жазушы Сәбит Мұқанов сөз сөйледі.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Председатели Е. В. Тайбеков лектаны қылды. Шымдылық төмен сырланды. Гранитті монолитте мынандай жазу бар:

«Бұл арада қазақ әдебиетінің классигі, ақын-ағартушысы — Абай (Ибрагим) Құнанбаевқа ескерткіш орнатылады».

## АБАЙ КҮНІ

Совет ауданының аудандық кітапханасы қазақ халқының ақыны Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына арнап, көркем әдебиет кешін өткізді. Бұл кеште Смирнов орта мектебінің әдебиет пәнінің оқытушысы Паромонов жолдас «Абайдың өмірі мен жазушылық қызметі туралы» баяндама жасады. Мәдениет үйінің фойесінде «Абай Құнан-

5. Семей қаласында қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың бейіті салынсын.

6. Семейдің Гоголь атындағы кітапханасының үйінде және Семей облысы, Абай ауданындағы Абай қыстауында Абай Құнанбаевқа ескерткіш тақталар орнатылсын.

7. Абай Құнанбаевтың туған жері — Семей облысы Абай ауданының орталығы — Қара Ауыл селосында Абай атындағы кітапхана мен интернаты бар орта мектеп үйі салынсын.

Семей облыстық Советі атқару комитетіне Абайдың туған жері — Абай ауданының онан әрі шаруашылық және мәдени дамуына қажетті көмек көрсету ұсынылды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Семейдің кітапхана техникумына Абай Құнанбаевтың есімі берілді.

ғыр бұрынғы сыяқты ертедегі, естіп көрмеген алқап қоршайды. Оған жаңды социалистік жаңашылдықтың әсері тиді.

Шындығында, қатаң тарихи дағдырдың шытырмандығында, деді Л. Леонов, адамға үшін қанатты ақыл мен қыранның қырағылығы керек еді. Өзінің халқына аспан әлемінің биік шынарынан көрінген болашақты нұсқау үшін аса зор дауыс керек еді. Ең ақырында, бұл дауыс бұдан 100 жылдар бұрын қараңғылық басқан жағдайдан асыра естірту үшін атақты өлеңде айтылатындай «Қараңғылық пен анандықтың жіпркенішінен жек көретін» сирек кездесетін батылдық керек еді. Өз халқының жол көрсетуші — адамы болған, осы арадағы мемориалдық гранитте аты жазылған Абай Құнанбаев осындай адам болды.

Митингіде сол сыяқты, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Д. А. Қонаев және жазушы Сәбит Мұқанов сөз сөйледі.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Председатели Е. В. Тайбеков лектаны қылды. Шымдылық төмен сырланды. Гранитті монолитте мынандай жазу бар:

«Бұл арада қазақ әдебиетінің классигі, ақын-ағартушысы — Абай (Ибрагим) Құнанбаевқа ескерткіш орнатылады».

тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Баяндамадан кейін аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары концерт қойып берді. Оның программасында ұлы ақынның өңлері, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романынан үзінді, Абай туралы жазған қазақ композиторларының өңдері және басқа шығармалары бар. Бұл кешке

ал, аудандық комитеттен маған түсінік, нұсқау берген ешкім болған жоқ,—дейді Карастелев жолда.

Мұнысы рас, аудандық комитеттен келгендер партия ұйымының ішкі жұмысымен танысуды білмейді. Олар көбінесе тек секретарьмен сырттан атүсті әңгімелесіп кете барады.

Партия ұйымы колхоз басқармасының жұмысын бақылау правосын толық пайдалана алмай келеді. Партиялық ішкі жұмыстар нашар ұйымдастырылған. Партия жыйналысы коммунистердің тәрбие мектебі бола алмай отыр. Партия жыйналысы уақытылы өтіп тұрмайды. Онда коммунистер мәселені шешуге, сын мен өзара сынды өрістетуге, кемшіліктерді ашуға белсене қатыспайды. Колхозда бұқаралық саяси жұмыстар жүргізілмейді. Мұнда үгіт коллективі формальді түрде ғана құрылған. Оның есебінде 12 үгітші бар. Бұл—зор күш. Бірақ, не пайда, бұлардың біре-бірі колхозшылар арасында әлі бір ретте әңгіме өткізген емес. Олар

етінің әлі «құрылым» деген тақырыпта лекциясына мыңнан астам еңбекшілер қатысты. Олар облыстық бөлімшеге жазған қаттарында Шлыков жолдастың лекциясы өздерін толық қанағаттандырмағанын айтып, мұндай лекцияларды жиі ұйымдастыруды сұрайды.

Қаланың ірі кәсіпорындарында, кейбір мектептерде арнаулы лекторийлер ұйымдастыру жөнінде өзіндік жұмыстары жүргізілуде. Партия ұйымдарының көмегімен жаңадан ұйымдастырылатын лекторийлер үшін лекторлар тобының құрамы толықтырылып, лекциялардың циклы да ұйымдалуда.

Облыста ғылыми-атеистік насихатты күшейту ісіне Москва, Алматы қалаларының лекторлары зор көмек көрсетуде. Москвадан келген Петренко жолда Оқтябрь ауданының бірнеше колхоздары мен совхоздарында болып, «Ғылыми болжау және діни сансырақ» деген тақырыпта лекция оқыды.

**С. БЕРІКБАЕВ.**

«Заря коммунизма» колхозы, Мамлют ауданы.

«Астық» павильонында Бөкшетау облысы, Красноармейск МТС-нің тың жерлерді игерудегі табыстары кеңінен көрсетілген. МТС механизаторлары 1940 жылдан 1950 жылға дейін 32 мың гектар тыңды жыртып, игерген. Үстіміздегі жылғы тағы да 34.450 гектар көтерілмек. Мұның 10.000 гектары көктемнің өзінде ақ жыртылып, оған егін салынды.

Красноармейск МТС-нің аймағындағы колхоздар соғыстан бұрынғымен салыстырғанда жаздық бидайдың егісін 12.870-тен 27.550 гектарға дейін ұлғайтты. Астық жыйнаудың дәрежесі мұнан да артты. Егер соғысқа дейінгі 1940 жылда 95.238 центнер бидай алынса, өткен жылы бидайдан 264.912 центнер өнім алынды.

Көктем басталар алдында Алтай 4.326 қуатты «С-80» және «ДТ-54» тракторларының 2.188 культиваторлар, 4.414 сеялка, 1.140 жомбайндар, жүк тасыйтын және жеңіл машиналар және тағы басқалар алды. Партияның шақыруы бойынша өлкеге еліміздің әртүрлі аудандарынан 19 мың механизаторлар келді. Бұлардан басқа өлкенің қалаларынан 3 мың адам МТС-тер мен совхоздарға жіберілді...

Краснояр өлкесінің залында экскурсияны жүргізуші студенттердің бірінде сибирліктер көтерілген тыңнан не алатыны туралы айтып тұр. Стенд Новоселов ауданы, Новоселов совхозының табыстары бейнелейді. Совхоз көлемі 400 гектар тың және тыңайған жерде жаздық бидай

Тек август айының өзінде ғана мәдени-ағарту мекемелерінде 235 киносеанстар қойылды. Бұған ауданның 15 мыңға жуық еңбекшілері қатысты. Сол сияқты, селолық кітапханалардың кітап қоры да көбейде. Быйыл селолық кітапханаларда кітап қоры 10 мыңға жетті.

### Оқытушылардың инициативасы

Совет ауданындағы Аралаған жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективі колхоздың шаруашылық жұмыстарына көмектесуді ұйғарды. Кәзір олар мектеп директоры Хасенов жолдастың басшылығымен ілеп маялау жұмысына белсене араласуда. Олар күн сайын 150-200 центнер пішпәді маяға салып жүр.

**Б. ҚАБЫКЕЕВ.**

дiң бiрнешеуiн орналастыруға болатын кең жазықтардың бейнесi өзгеруде.

Партия мен үкмет 1956 жылда жаңадан игерiлген жерлерде дәндi және басқа да ауылшаруашылық дақылдарының егiсiн 28—30 миллион гектарға дейiн жергiзу мiндетiн қойып отыр. Бұл — халық үшiн азық-түлiк молшылығын жасау iсiне жаңа зор үлес, — барлық совет адамдарының iсi болып табылатын әрбiр совет адамы өзiнiң социалистiк Отаны үшiн, партия үшiн, совет үкiметi үшiн мақтан етiп сезiнедi. Сондықтан тыңды игеру туралы баяндайтын стендтер көрмеге келушiлердiң назарын өзiне ерекше аударады.

Совхоздардың павильоны. Мұнда, әсiресе, Челябинск облысы, Петропавлский совхозының студентiнiң жанына келушiлер көп. Бұл студентiң Урал совхозы соңғы жылдары үлкен көлемдерде мол өнiм жыйнап, 10 мың гектар тың және тыңайған жерлердi игердi. Өткен жылы шаруашылықтың коллективi 19 мың гектар алаңның әрбiр гектарынан 22 центнерден бидай алды. Искра сөртты жаздық бидай сөбiлген 517 гектардың әрбiр гектарынан 29,2 центнерден өнiм алынды. Совхоз 1953 жылғы мемлекетке 2 миллион пұт астық тасырды, сонымен қатар, 1 пұт астықтың өзiндiк қуны небары 2 сом 96 тьбын ғана болды. Стендте мұндай өнiм алудың агро-техникасы және өнiмнiң үлгiлерi—бидайдың баулары мен ауыр, iрi толық салмақты —дөндер көрсетiлген.

Петропавлский совхозының стендiмен қатар, —үлкен панно. Ол қаудан жапқан шекеiз даланың кеңiстiгiн бейнелейдi. Бірақ, бұл қауданның дала жерi астында бас иiп тұруы ұзақ бомайды, жақын арада ол туралы еште ғана қалады. Қуатты «С—80» кәзiрдiң өзiнде алғашқы бораданы тартты. Мұнда жаңа совхоз болады. Панно астында —тың жердегi совхоздың ұсақбасы жобасының макетi. Бірнеше әкi қабатты үйлер орталықта, ал, мұнан кейiн бiр қабатты үйден құралған көгал түзу көшелер. Мұндай поселкелер кәзiрден бастап, жаңа жерлердi игерудiң шочерлерiнiң еңбегiмен салынуда. Быйыл жаңа жерлерде 124 совхоз ұйымдасты. Оларға кәзiрдiң өзiнде 250 мың шаршыметр стандартты тұрғын үйлер жiберiлдi.

Т. С. Мальцевтің системасы қазақстанның совхоздарында қолданылула

Қазақстанның бірыңғай совхоздары жаңашыл курғандық Т. С. Мальцевтің топырақты өңдеу системасын екі-үш жыл бойына өндірістік жағдайларда сынан өткізді. Ақмола облысының Вишнево-совхозында, Солтүстік Қазақстан облысының Киров атындағы совхозында, Шығыс Қазақстан облысының Оңтүстік —Уба совхозында, Қостанай облысының Қостанай және Федоров совхозында 5 мың гектарға жуық жер қайырмасыз плугтермен терең жыртылды және 500 гектардан аса сыдыра жыртылып аңызға егін егілді.

Кәзір Қазақ ССР Совхоздар министрлігі Т. С. Мальцевтің системасын республиканың 66 совхозының өндірісіне 600

мың гектарға жуық жерде енгізуде. Күзде 1955 жылдың егісі үшін Т. С. Мальцевтің әдісімен 125 мың гектар аңызды сыдыра жыртыу белгіленді. 270 мың гектар жер пар етіп сыдыра жыртылады. Оның ішінде 135 гектарын келесі жылы қайырмасыз плугтармен терең жыртыу жоспарланып отыр.

Мұнымен бірге, совхоздар егу үшін мың центнер сортты тұқым іріктен алады. Министрлік совхоздарға 1.540 трактор плугтары мен 22 мың тырманы мальцевтік типте қайта жабдықтау жөнінде тапсырма берді. Совхоздарға көптеген бүршікті малалар желінуде.

(ҚазТАГ).

### Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

## Жаңа жерлердің байлығы

—Біз Қазақстанның байлықтарына танып қалдық...

—Мен, орыс адамы, даңқты қазақ халқына оның жері оған әрі гүлденіп, байлығы молай беруі үшін тілек білдіргім келеді.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіндегі Қазақ ССР-ның павильонына келушілердің пікірлері жазылатын кітапта бұл сияқты жазулар—жүздеген. Олардың көбі жаңа жерлерді игеру жөнінде партия мен үкметтің тарихи міндетін орындауда Қазақстанның алатын құрметті орымен байланысты.

Қазақ республикасының байлықтарына қалай табырмасын. Мәселен, 6,4 миллион гектар тың және тыңайған жерді игерудің нәтижесінде ол келесі жылдың өзінде-ақ өзінің егiс көлемi жағынан бүкiл дүниежүзiнде ең iрi шаруашы өлмелердiң бiрi —Украинаны қуып жеткелi отыр.

Міне Бөкшетау облысы, Рузаев ауданы, Молотов атындағы колхоздың стенді. Стендтің астында сабақтарының басы ийіп тұрған алтыңдай бидайдың баулары мен іріктелп салынған дән қаптары. Жазулар, суреттер, диаграммалар мынаны хабарлайды: колхоз МТС механизаторларымен бірлесіп отырып, 1952—1953 жылдары әлі жарым мың гектар тыңды көтерді, ал 1954—1955 жылдарда тағы да 8 мың гектар көтермек. Өткен жылы колхозшылар тыңның әрбір гектарынан 28,5 центнерден бидай алды және қандай бидай—дүние жүзіндегі ең жақсысы. Мәселен, «Астық» павильонында мынадай мәліметтер бар: біздің бидайда 18,5 процент белок бар, ал американикіде —17, аргентинаікіде —тек 12.

Экскурсияны жүргізуші быйыл колхозда бұрынғыдан да бітiк егiн өсiп келе жатқанын айтады. Колхозшылар астық тасыру мен МТС-ке заттай ақы төлеу аяқталғанынан кейiн мемлекетке 180 мың пұт астық сатуды ойлап отыр.

—Олар тыңды қалай жұмыстайды?—деп Новосибирск облысы экскурсияшылары

тобынан біреу экскурсияны жүргізушіге сұрақ қойды.

—Жырты алдында қыртысты жақсы жұмыстау үшін дала лучильникпен 3-4 рет дискаланды. Жер түренді соқамен бір мезгілде тирмалаумен 22-25 сантиметр тереңдікте жыртылады. Күзді күні тағы да дисканы тирмалармен көкденең және ұзыннан төрт рет дискаланды. Ерте көктемде егiс алаңы тирмаланып, тарқатарды және тоғыснаны әдістермен себiлдi. Қысты күні ылғал жыйнау үшін қар тоқтатылды.

Тек мемлекет ауыл шаруашылығын қаруландырып отырған көзірi қуатты техника ғана, колхозшылар мен механизаторлардың бiрлiгi ғана жаңа алаңдарды зор көлемде игерiп, оларда мол өнiм өсiруге мүмкiндiк бередi.

Молотов атындағы колхоздың стендімен қатар—екі машина-трактор станцияларының стендтері—оны артельді қамтыйтын Рузаев МТС-інікі және Ақмола облысы, Красивинск МТС-інікі. Рузаев МТС-нің трактор паркі өткен жылдың июнінде 15 аттық күні бар тракторларға айналдырғанда 158 трактор болып есептелетін еді. Үстіміздегі жылдың июнінде МТС-те 340 трактор болды. Машина-трактор станциясы өзінің аймағындағы колхоздарда 10 мың гектарға жуық тыңды игерді. Кәзір бұл жұмыстың қарқыны екі еселенді. Үстіміздегі және келесі жылы тағы да 40 мың гектардан астам тың және тыңайған жерлер игеріледі. Экскурсияны жүргізуші мұнда жаңа жерлерді игеру үшін 25 трактор бригадаларының қалай құрылғандығын айтты. Әрбір бригада электрлендірілген және радиоландырылған, вагошалармен қамтамасыз етілген, жондеу-машеркоялары маман адамдармен толықтырылған.

Красивинск машина-трактор станциясының механизаторлары мен мамандары коллективінің жастамалары да осындай. Тек үстіміздегі жылдың көктемінен июльдің орта шегіне дейін мұнда 25 мың гектар (жылдық жоспар 30 мың гектар) жа-

ңа жер көтерілді. Стендте зор істер туралы хабарлайтын сараң тілді цифрлардың кішкене жетесі. Егер өткен жылы МТС қамтуындағы бес колхозда көтерілген тыңнан 46 мың центнер астық алынса, быйыл кемінде 112 мың, ал, келесі жылы 450 мың центнер—үш миллион пұт дерлік астық алуды ұйғарды. 1955 жылда барлығы 850 мың центнер—5 миллион пұт астық алу жоспарланып отыр! Бұл астықпен жарты миллион халқы бар қаланы жыл бойы асырауға болады және оны етпен, маймен қамтамасыз ету үшін қаланың малын да асырауға астық қалады. Мұны тек бір-ақ МТС және оның қамтуындағы 5 артель ғана беріп отыр. Партия мен үкметтің халықты бастан отырған молшылық жолы, міне, осы.

Механизаторлар тың көтерудің қызу қарқынын агротехникамы арттыру жолындағы дақырлы күресімен, машина паркін пайдаланудың жоғарғы мәдениетімен байланыстырады. Н. Ковалевтің трактор бригадасы жұмыстаған учасоктерде өткен жылы жаздық бидайдың әрбір гектарынан 23 центнерден өнім алынды, ал, И. Пичурдің бригадасы 23,1 центнерден астық жыйнады.

Механизаторлар еңбегінің жоғары мәдениеті туралы стендтегі цифрлар мен фактілер жақсы баяндайды. Өткен жылы 15 аттық күні бар әрбір трактормен орта есеппен 764 гектар жер жұмысталды. Бұл соғыстан бұрынғы 1940 жылғыдан 196 процент артты деген сөз. Сонымен қатар тек өткен жылы бұрынғы жылдарға қарағанда жұмыс жер жыртыудың өзіндік қуны 13 процент кеміді.

Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін күрес бейнеленген стендтердің маңы әрқашан халыққа лық толы дерлік. Мұның өзі түсінікті де—жаңа жерлерді игеру быйылғы жылдың ең айқын белгісі. Бұл жыл біздің елімізге коммунистік құрылыстың тарихына тыл және тыңайған жерлерді игеру жөнінде зор көлемдегі жұмыстар басталған жыл ретінде енеді. Кіші-гірім батысөропалық мемлекеттер.

дың гектарынан 35,6 центнер өнім жыйнайты.

Осы кезде залға Омбы облысынан келген экскурсиянтар тобы—механизаторлар кірді. Залда отырғандар олардың кімдер екенін біліп, оларды қоршап алып, әңгімеге кіресті.

—Ал, тыңды қалай көтеріп жатырсыздар?

—Аздал көтерудеміз, —деп байсалды жауап берді, Новосанжар МТС-нің трактор бригадасының бригадирі Прокофий Удалов. —Көктемде үстіміздегі жылдың егісі үшін 1.900 гектар жер көтерілді.

—Егіннің шығымы қалай?

—Быйылғыдай егіннің шығымы көптен болған емес.

Механизаторлар СОБП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің жаңа жерлерді игеру туралы қаулысына жауап бере отырып, келесі жылдың егісі үшін тыңды қажырлықпен көтеріп жатқандықтары туралы айтады.

Миллиондаған гектар тыңды көтеріп жатқан Сибирьдің павильонын қарап, Сибирьдің механизаторларымен әңгімелескенде Сибирьдің қуатты өзенінің бірінші жағасында жазған Чехов сөздерінің жолдары еріксіз еске түседі: «Енисейде өңір сарнаумен басталды, ал, ол біздің түсімізге кірмейтін бақыттықпен аяқталады... Мен тұрып: күндердің күнінде бұл жараларды қандай толық, саналы және батыл өмір сәулеттендіреді деп ойладым». Өз халқына шекеiз сенген және оны сүйген ұлы жазушы біздің заманымызды күні бұрын болжады.

Бұл саналы және батыл өмір мұнда, павильонда, бейнеленген. Сондықтан да келушілердің пікірлері жазылатын кітапта тебіренетін жазулар көп. Мәселен, Биевтен келген студенттер тобы мынаны жазады:

«... Сибирьдің қол жеткен табыстарына қуанамыз... Институтты бітіргеннен кейін Сибирьге жұмысқа барамыз». Партия мен үкметтің бүкілхалықтық зор міндет туралы—жаңа жерлерді игеру туралы қаулысын құттықтаған жазулар сияқты мұндай жазулар көп. Бүкілхалықтық міндетті шешуде Қазақстан сияқты, Сибирь де ерекше жауапты роль атқарады.

И. ПАВЛОВ,

# Қоғамдық малға құнарлы азық, жайлы қора жеткілікті әзірленсін

## Қоғамдық малға күтім жақсарды

Копюхов ауданы «Колос» колхозының қоғамдық мал басы жылдан жылға артта түсіп, олардың өнімділігі еселеп көбейіп келеді. Ферма малшылары қоғамдық малдың күтімін ерекше жақсартудың негізінде елеулі табыстарға жетті. Мал басын арттыру, олардың өнімділігін жақсарту — колхоз дәулетін нығайта түсудің көзі деп түсінген колхоз малшылары қоғамдық малдың жылдық жоспарын август айына дейін 101,8 процент орындап шықты.

Колхозда қоғамдық малдардың өнімділігіне ерекше көңіл бөлінген. Себебі колхоз жыл сайын мал өнімдерінен, әсіресе, оның ішінде сауын сыйырлардың өнімдерінен мыңдаған сом кіріс алады. Ферма сауыншылары әр сыйырдан жыл аяғына дейін 1600 литр сүт саууға міндеттенген болса, олар көздің өзінде 1400 литрден сүт сауды. Осының нәтижесінде мемлекетке міндетті түрде өткізілетін сүт жоспары август айының бірінші жартысында толық орындалып, көзір колхозда мемлекеттік сатып алу орындарына сүт өткізу жұмысы ұйымдастырылды. Тек соңғы жарты ай ішінде колхоз мемлекеттік сатып алу орындарына 350 центнер сүт өткізді.

Колхоздың шошқа өсірушілері де қажырлы еңбек етіп көрнекті табыстарға ие болуда. Таңдаулы шошқа күтушілер Марья Цымбал және Эира Дубабо жолдастар көп жылдардан бері колхоздың таңдаулы шошқа өсірушілері болып есептеледі. Бұлар әр мезгілдің өзінде 15—16 тарай алып, олардың барлығын шығынсыз аман өсіруде.


Мұнымен бірге колхозда қоғамдық мал үшін қысқы жемшөп азығын дайындау жұмысы да қызу жүргізіліп жатыр. Барлық мал қораларының жанына қыстық жемшөп жеткізіліп, олар маяланды. Жүз тоннадан астам құнарлы шөп сүрленді. Малдың қыстан күйлі, семіз болуы үшін колхоз ишпеншілері шөп ору, оны жыйнау жұмыстарын осы күндерде тоқтатқан жоқ. Мал қоралардың жанына шөп тасуда 10 арба жұмыс істеп жүр. Колхоздың қоғамдық малдары тұратын қоралар түгел жөндеуіп бітуге таяу.

### А. Жолдығарин.

## Мал шаруашылығының өнімдері

Октябрь ауданының көптеген колхоздары мемлекетке міндетті түрде тапсырылатын ет, сүт және басқа мал шаруашылығы өнімдерін мерзімінен бұрын орындап отыр. Мысалы Жамбыл атындағы және «Шама» колхоздары мемлекетке ет тапсырудың жылдық жоспарын және МТС-тің заттай алашағын артығымен төлеп бітірді.

Алайда, ауданның көптеген колхоздарында мал басын арттыру жұмысы



## МАЛ ҚЫСТАТУҒА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛЕНУ—МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Көзіркі уақытта қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде, оның өнімін арттыруда колхозшы шаруалардың алдында орасан зор міндеттер тұр. Ол мал басын неғұрлым көбейту және оның өнімін еселеп арттыру, сөйтіп, халқымыздың мал шаруашылығы өніміне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін толығынан қанағаттандыру болып есептеледі.

Полудень ауданының бірқатар колхоздары СОКН Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын орындай отырып, мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға ие болды. Ондай шаруашылықтар мал өсірудің мемлекеттік жоспарын толық орындап, малдан өнімді көптеп алып келеді.

Ленин атындағы, «Прогресс» колхоздарының мал өсірушілері мал күтуде, бағуда зоотехникалық-малдәрігерлік сөзжөздерді мұқият қолдана отырып, мал өсіруді көзіркі өзінде зор табыстарға ие болып отыр. Мұнда бір сентябрьге дейін қарама, қой және шошқа өсіру жоспары артығымен орындалды. Сол сияқты «Шама революций», Ворошилов атындағы, Тельман атындағы колхоздарда мал басы өткен жылдан едәуір көбейді.

Әсіресе, «Шама революций» колхозының (председателі Слепенко жолдас) мал өсірушілері жоғары көрсеткішке жетті. Мұнда мал өсірудің мемлекеттік жоспары толық түгел орындалған артығымен орындалған. Оның ішінде қарамадан — 109 процент, сауын сыйырдан — 107 процент, шошқадан — 126 процент, қойдан — 110 процент, құстан — 133 процент, жылқыдан — 102 процент орындалды. Мұнда мал басының көбеюімен бірге,

түде қол жеткен бірқатар табыстармен бірге, көптеген кемшіліктерде бар. Әлі күнге дейін жекелеген колхоздар мал шаруашылығын өркендетуде артта қалып келеді. Аналық малдардан алынатын төлдердің саны аз. Осы себепті мал басын көбеюі өте-өте нашар. Бұл жөнінде мысалға «Красное знамя», Молотов атындағы колхоздарды алуға болады. Бұларда осы уақытқа дейін мал өсірудің жоспары бірде-бір түліктен орындалған жоқ.

Кейбір колхоздардың басшылары мал шаруашылығы өнімін арттыруға қолда бар мүмкіншіліктерді жете пайдаланбайды. Осындай жауапсыздықтың салдарынан Сталин атындағы және «Красный октябрь» колхоздарында 10 айдың ішінде әрбір сыйырдан алынған сүт 700-800 литрден ашайды.

Мал шаруашылығын өнан әрі өркендету міндеті жергілікті партия, совет ұйымдарынан, ауылшаруашылық органдарынан мұндай кемшіліктерді үзілді-кесілді жоюға талап етеді. Ал, колхоздардың қайысында болсын кемшіліктерді жоюға, сөйтіп, қоғамдық мал шаруашылығын жедел өркендетуге мүмкіншіліктер бар.

Бұл үшін алдымен жемшөптің мол дайындалуын қамтамасыз ету керек. Шынын айтқанда, жемшөп дайындауда біздің ауданның колхоздары кемшіліксіз артта қалды. Бұл колхоз, МТС басшыларының жемшөп дайындауға атқеті басшылық жасауларынан, шөп машиналарының жұмысқа толық қатыспауынан болған іс.

Өткен жылы «Победа», «Путь социализма», «Красный октябрь» колхоздарында жемшөптің жеткіліксіздігінен мал қыстау жұмысы айтарлықтай кыйын-

Совет ауданындағы «Колос» колхозының мал қорасында, «Уралсельмаш» заводы жасап шығарған ВОС — 2 су тартқышы орнатылды. Бұл сағатына 6 текшеметр су тартады.

СУРЕТТЕ: колхоз председателі В. Мисюрин (оңжақта) мен колхоз партия ұйымының секретары С. Нұрахметов жолдастар жаңадан орнатылған су тартқышының жұмысымен танысып тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.



## Мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жоғары сатыға көтерміз

Партияның XIX съезі қарарларын жүзеге асыра отырып, ауданымыздың мектептері өткен оқу жылында оқу-тәрбие жұмыстарын едәуір жақсартты. Оқу программасы толық меңгерілді. Оқушылардың сабақты, үлгеруі де жақсы болды.

Көптеген мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру жолында едәуір жұмыстар істелді. Мысалы, Архангельск орта мектебінің оқытушысы Н. Ли, Березовка жетіжылдық мектебінің оқытушысы Н. Мещанин жолдастар физика пәні бойынша жасалатын практикалық және лабораториялық жұмыстардың түгел орындалуына жетісті. Мұның өзі оқушылардың еңбекке ынтасын арттырып, теориялық білімдерін іс жүзінде практикада қолдана білуге үйретті.

Оқу-тәрбие жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру нәтижесінде бірешыра мектептер оқытушылардың сабақты үлгеруіне жетісті. Мысалы, Архангельск орта мектебінің VI класындағы 74 оқушы оқытушы А. Гализиннің сабағы бойынша түгел сынаққа жіберілген еді. Олардың барлығы да сынақтан ойдағыдай өтіп, VII класқа көшті. Оқушылардың сабақты түгел үлгеруіне және олардың еңбекке белсене қатысуына Ново-Павловка, Березовка жетіжылдық мектептерінің оқытушылары Поличная, Кирилл, Чаплев, Бірінші май бастауыш мектебінің оқытушылары Михалкин, Хасенов жолдастар да көрнекті еңбек сіңірді.

Мұнымен өткен оқу жылында мектептерде ешқандай кемшілік болмады деген ұғым тұмайды. Жекелеген мектептер және оқытушылар өздерінің абройлы міндеттеріне немеректі қарап, оқу-тәрбие жұмыстарын тиеті дәрежеде жүргізе алмады. Мұндай мектептердің қатарына Ольшанск (менгерушісі Сазонов жолдас), Кривоозерек (менгерушісі Михайлова жолдас) бастауыш мектептері қосауға болады. Соның салдарынан аудан мектептеріндегі 2832 оқушыда 579 оқушы екінші жылға қалдырылды.

Үетіміздегі оқу жылында мұндай кемшіліктердің болмауы үшін едәуір жұмыстар жүргізілді. Алдымен, мектептер негізінен білім және тәрбиесі жеткілікті оқытушылармен толықтырылды. Көп мектептер оқулықтармен жақсы жабдықталды. Оқытушылардың август кеңесінде өткен жылғы кемшіліктерді қайталамаудың жолдары айтылып, оқу-тәрбие жұмысын жаңа талапқа сай жүргізу жолында бағалы ұсыныстар жасалды. Озат оқытушылар бұл істе өздерінің тәжірибелерін айтып ортаға салды. Мұның өзі жас оқытушылардың ой-өрісін кеңейтуге зор әсер етті.

Біздің ауданда 25 бастауыш, 11 жетіжылдық, 2 орта мектеп бар. Бұларда 2725 оқушы оқиды. Тек Архангельск

орта мектебіне VIII және X кластарға математика және биология пәнінен сабақ беретін екі оқытушы керек. Бұл жөнінде облыстық оқу бөліміне бірнеше рет хабарласақ та, әзірге көмек болмай отыр.

Өткен жылғыға салыстырғанда былай мектептерді отынмен қамтамасыз ету міндеті ойдағыдай шешілді. Мектептердің барлығы дерлік отынмен қамтамасыз етілді. Бірақ, оқытушы кадрларымыз тұрғын үйлермен жабдықталмай келеді. Бұл жөнінде жергілікті Советтер мен колхоз председателдерінің едәуір көмегі керек. Алайда, жергілікті Советтер мен колхоз председателдері оқытушы кадрларды тұрғын үймен жабдықтау мәселесіне жете назар аудармай жүр.

Быйыл барлық мектептерде оқу жаңа программа бойынша жүргізіледі. Осыған байланысты оқулықтар да жаңа программаға байланысты болуы керек. Ал, біздің ауданда, әсіресе, бастауыш мектептер жаңа программаға байланысты оқулықтармен жеткілікті мөлшерде жабдықталмай отыр.

Оқу жылы барлық мектептерде де ұйымдасқан түрде басталды. Алғашқы күні аудан бойынша 65 оқушы сабаққа қатыса алмай қалды. Дегенмен, олар келесі күні түгелдей оқуға қатыстырылды. Сонымен бұл күндері барлық оқушылар мектепке қамтылып келеді.

Ауданның бір мектебінде партия ұйымы, жеті мектебінде комсомол ұйымы бар. Бұл ұйымдар оқудың алғашқы күнінен бастап мектепте саяси-тәрбие жұмыстарын жақсартуға, сабақтың ойдағыдай өткізілуіне ерекше көңіл бөліп, оқытушыларға зор көмек көрсетуде. Мектеп партия, комсомол ұйымдарының көздеген мақсаты да оқытушылардың мақсаты сияқты оқу жылын ойдағыдай аяқтау. Сондықтан көзір мектеп партия, комсомол ұйымдарының және оқытушылар коллективінің барлық күш-мүмкіншілігі осы жауапты және құрметті міндетті орындап шығу жолына жұмсалып отыр.

Мектептерде оқудың өткізілуі жаңа программаға байланысты болғандықтан оқытушыларға аудандық оқу бөлімі қызметкерлерінің үнемі, нақтылы көмек көрсетіп отырулары қажет. Біз осыны ескеріп, оқу жылының алғашқы күнінен бастап аудандық оқу бөлімінің қызметкерлерін мектептерге көмек көрсетуге жібердік. Олар, әсіресе жас оқытушыларға көмектесіп, оқу-тәрбие жұмысын қалай жүргізудің жолдарын үйретіп жүр.

Біздің алдымызда тұрған жауапты міндет — оқу-тәрбие жұмыстарын жоғары сатыға көтеру. Біз бұл міндетті аброймен орындап шығамыз.

М. МОРОЗОВА,

Петропавл аудандық оқу бөлімінің инспекторы.

## Редакцияға хат

## Жас мамандарды орынды пайдаланбайды

Біздің елімізде өнеркәсіп орындары үшін жас мамандар дайындайтын жүзде- мамандықтары жұмыстарға ауыстыру

сын әлі күнге қолға алмай келеді. Оған «Смычка», «Гигант», «Интернационал» колхоздарын (председательдері Липко, Маркеевич, Баймусин жолдастар) жатқызуға болады. Бұл колхоздар талсыруға тиісті 1580 центнер еттің 258 центнерін ғана өткізді. Сол сыяқты «Заря коммунизма» тағы басқа колхоздарда немқұрайды қараусылық орын алған. Бұл колхоздың басшылары мемлекетке ет, сүт тапсырудың мерзімі өтіп бара жатқанын ескермей отыр. Мемлекетке тапсырылатын малдар жапшы мал басынан бөлініп, бөлек бағылмайды. Сондықтан да мемлекетке тапсырылатын малдар төмен бағамен қабылданады.

Ал, аудан колхоздарында мемлекетке сүт тапсыру жұмысы бұдан да нашар болып отыр. Ленин атындағы және «Путь Ильича», «Бірлік» колхоздары осы уақыттың ішінде небары әр сыйырдан 550-600 литрден сүт сауған. Оның себебі бұл аталған колхоздарда сауын сыйырлар ерекше күтіліп бағылмайды. Колхоздың басшылары Қоспанов, Снетко, Тоғанбаев жолдастар «сауын сыйырлар күтілмей-ақ сүт береді» деген ойдан аулақ болып, мал шаруашылығына ерекше көңіл бөлулері керек.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН.**

### Жылқы шаруашылығы өркендеуде

Соколов ауданы Ленин атындағы колхоздың жылқы шаруашылығы жылдан-жылға өркендей түсуде. Мұнда жыл сайын жылқы өсіру жоспары артығымен орындалады. Жылқы фермасының коллективі үстіміздегі жылы да жылқы санын көбейтуге жақсы табыстарға ие болды. Быйыл жоспар бойынша 47 бие құлындауға тиісті болса, олардың бәрін аман құлындапты, алынған 47 құлынды күйлі және шығынсыз өсіріп келеді. Осының нәтижесінде колхозда жылқы саны 338-ге жетіп отыр.

Ферманың жылқылары қысы-жазы колхоздың «Кривое» деп аталатын көлінің ажабында бағылады. Мұндағы жайылымдық учаскетері ауыспалы төртіннен пайдаланылады. Жылқышылар жылқыны жаз айларында көл жағасында және көлдің маңындағы ағаштардың саясында жайып барады. Жылқы өсірудің әрі жауапты, әрі шешуші кезеңі—қысы мерзімі болып табылады. Ферма жылқышылары жылқыны қысты күндері жайылымдарда бағуға баса назар аударады. Қыстың салқын айларында, көктемнің желді күндерінде жылқыны көбінесе ағаш қойнауларында бағуды ұйымдастырады. Ал, қыстың суық және қатты боранды күндерінде жылқылар қолда—қорада күтіледі. Сондықтан ферма коллективі жылқының қорасын күні бұрын әзірлеп, жемшөпті жеткілікті дайындауға ерекше назар аударды. Быйыл ферма коллективі 60 басатын жылы қора салды және асыл тұқымды айғырларға арналған қораның құрылыс жұмысын негізінен аяқтады. Мұнымен бірге, олар көздің өзінде қора жанына мың центнерден астам шөп тасып үйді.

**3. ҚАСКЕВ.**

оның өнімділігі де арта түсуде. Колхозда 10 айдың ішінде әрбір сауын сыйырдың орта есеппен 1300 литрден сүт алынды. Ал, жекелеген сауыншылар бұдан да зор табысқа жетті.

Көптеген колхоздардың мал шаруашылығы мол табысты шаруашылыққа айналуда. Соңғы біржарым жылдың ішінде аудан колхоздары мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін сатудан 25 жүк және екі жеңіл автомобильдерін, көптеген құрылыс материалдарын алды.

Әрине, колхоздардың бұл сыяқты жақсы көрсеткішке жетуіне алдымен партия ұйымдары, коммунистер зор үлес қосты. Олар мал өсірушілер арасында партия мен үеметіміздің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын жете насихаттап, шын мәнісіндегі ұйымдастырушылар болды. Партиялық-ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарын күшейтіп, оны колхоздың және жеке колхозшылардың алдында тұрған міндеттермен ұштастыра жүргізді. Сөйтіп, колхозда социалистік жарыстың көз өріс алуына, қоғамдық малдың жемшөппен қамтамасыз етілуіне, жайлы қоралармен жабдықталуына, малды күтудің жақсартылуына жетісті. Бұл жұмыстарда өздері үлгі көрсетті. Партия ұйымдарының, коммунистердің осындай қажырлы еңбегінің арқасында колхоздарда мал шаруашылығын өркендету беру жолындағы күрес қыза түсті. Мұның өзі жоғарыда айтылғандай өзінің тиісті нәтижесін берді де.

Алайда, мал шаруашылығын өркенде-

## Мал азығын дайындау жұмысын тоқтатып қойды

Булаев ауданының колхоздарында мал басы өткен жылғыдан едәуір артып отыр. Көптеген колхоздарда мал өсірудің жоспары барлық түліктен толық орындалды. Қоғамдық мал шаруашылығының одан әрі өркендеуі, оның керекті жемшөппен қамтамасыз етілуіне байланысты. Алайда, бірқатар колхоздарда мал азығын дайындау жұмысы өз дәрежесінде емес. Егін орағы басталғаннан кейін шөп шабу жұмысының қарқыны мүлдем төмендеп кетті. Жекелеген колхоздар мал азығын дайындау жөніндегі бригадаларды таратып, басқа жұмысқа жіберген. Мысалы «Страна Советов», «Вторая пятилетка», «Победа» колхоздары бес күн ішінде бір гектар да шөп шаппаған. Ал, Буденный атындағы колхоз бес күнде 10 гектар, Стаханов атындағы колхоз 60 гектар, Ленин атындағы колхоз 87 гектар ғана шөп шапқан. Шөп жыйнаудың алғашқы бескүндіктерінде аудан колхоздарында 5 мың, 6 мың гектар жердің шөбі шабылған болса, соңғы бескүндіктерде не бары 1410 гектар жердің шөбі шабылған.

Булаев, Калинин атындағы МТС -тердің басшылары (директорлары Ленекин, Елкин жолдастар) колхоздарда шөп шабу жұмысының қарқыны мүлдем нашар жүріп жатқанын біле тұрса да, оған көңіл бөлмей келеді. Олар қоғамдық малдың жемшөппен толық қамтамасыз етілуіне жауапты екендіктерін ұмытып отыр. Оның үстіне кейбір колхоздарда шөп ша-

бу жұмысында шөп шабушылықтар кездесті. Азықтың тапшылығынан малдың қоңы төмендей, шығыны болды. Аталған колхоздардың басшылары бұл кемшіліктерден былай нақтылы қорытынды шығарып, мал азығын дайындау жұмысының ұйымдастыру түрде жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс еді. Бірақ, олар жағдайды өткен жылғыдан өзгертіп, шөп шабуға қолда бар мүмкіншіліктерді жете пайдаланбады. Осының салдарынан бұлларда жемшөп дайындау жоспары тонна есебімен 20-32 процент ғана орындалды.

Рас, ауданның жекелеген колхоздары мал азығын дайындауға ерекше назар аударды. Ондай колхоздардың қатарына Тельман атындағы, Киров атындағы колхоздарды қосуға болады. Бұлардың әрқайсысында 15-16 мың центнерден шөп тайындалды. Жағдай «Путь Ильича», Ворошилов атындағы, «Парижская коммуна», «Пламя революции» колхоздарында да жақсы. Бұларда шөп шабу әлі күнге дейін қарқынды жүргізілуде. Аталған колхоздардың колхозшылары шабылған шөпті дереу жыйнап, оны маялап отырады. Сөйтіп, шөптің жауынға тиіп, бүлінуіне жол бермейді. Дайындалған мал азығы қоралар қасына тасылуда. Бұлар көздің өзінде жемшөптің көпшілігін тасып алды.

Мал азығын дайындаудың қолайлы мерзімі өтіп барады. Сондықтан аудан колхоздары шөп шабу қарқынын кеңінен өрістетіп, қоғамдық малға жемшөпті неғұрлым көп дайындап алуға тиіс.

кері әсерін тигізетіндігі колхозшылардың түсінетін уақыттары жетті. Мал шаруашылығын өркендету ісінде фермаларды тұрақты кадрлармен қамтамасыз ету ерекше роль атқарады. Сондықтан әрбір ферма өз міндетіне уақыттылықпен қарайтын мал өсірушілермен толықтырылуы керек. Колхоз басқармалары көзірден бастап фермаларға қажетті мал өсірушілерді жеткілікті мөлшерде бөлуге тиіс. Фермаларды тұрақты кадрлармен толықтырған жағдайда ғана мал қысқатуды ұйымшылдықпен бастап, оны табысты аяқтауға болады. Бастауыш партия, комсомол ұйымдары бұл іске жете назар аударып, мал өсірушілер арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетуге міндетті.

Олар партиялық ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарының барлық түрлері мен әдістерін кеңінен қолдана отырып, колхоз құрылысында колхозшылардың саяси және өндірістік белсенділігін арттыра беруге жетісуге тиіс. Демек, партия ұйымы колхозда барлық табысты ұйымдастырушы болуы керек.

Аудан мал өсірушілері мал қысқатудағы тиімділікті әзірлене отырып, оны ұйымдастыру түрде бастайды. Сөйтіп, қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендетудің негізгі шараларын жүзеге асырады.

**А. КАРПЕНКО,**

**ҚКП Полудень аудандық комитетінің секретары.**

-шашының астында қалып, бүлініп жатқанына жарты айдан артық уақыт өтіп барады.

Аудан көлемінде, шабылған шөпті күнне құратпай, жауынға шірітпей, тез жыйнап, маялау жұмысы төзгісіз нашар жүргізіліп отыр. 4320 гектар жердің шөбі әлі күнге маяланбаған. Бұл шөп бірнеше рет жауынға тиіп, бүлінуде. Шөп маялау жөніндегі бар мүмкіншілік толық пайдаланылмай отыр. МТС-тердегі шөп маялағыштар толық жұмысқа қосылмаған. «Новый путь» колхозында 830 гектар, Сталин атындағы колхозда 685 гектар, Коминтерн атындағы колхозда 885 гектар, Калинин атындағы колхозда 590 гектар жердің бүлініп жатқан шөбі, колхоз басшыларының, МТС директорларын қынжылтпайтын сыяқты.

Мұнымен бірге дайындалған шөпті мал қораларының жанына тасу жұмысы да өте нашар. Соңғы жарты айда мал қораларының жанына шөп тасу жұмысы мүлдем тоқтатылған. Мысалы «Красное знамя» колхозы мал қорасының жанына жаз бойы 9 тонна ғана шөп тасыған. Ал, мұндай жауапсыздыққа Буденный атындағы, «Страна Советов» колхоздары да жол беріп отыр.

Кысқы мал азығын дайындау—кезек күттірмейтін аса жауапты жұмыс. Сондықтан да МТС-тердің, колхоздардың басшылары жемшөп дайындаудағы кемшіліктерді жою білулері керек.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**

ген орта дәрежелі училищелер мен техникумдар жұмыс істейді. Өсресе, еңбек резервтері училищелері мен мектептерін бітірген мыңдаған жас жұмысшылар өнеркәсіп орындарының озаттары болып отыр.

Біздің облыстағы еңбек резервтері училищелері мен мектептері жыл сайын жүздеген жас мамандар даярлап шығарады. Олардың басым көпшілігі облыстағы және қаладағы өнеркәсіп орындарында қажырлы еңбек етіп жүр. Бірақ, олардың біразы өз мамандықтары бойынша орынды пайдаланылмай отыр. Бұған мысал ретінде қаладағы №36 фабрика-завод оқуы мектебін бітіріп шыққан жас мамандар жұмыс істейтін Петропавл станциясындағы ПЧСТР—2 құрылыс мекемесіндегі жаңайды алуға болады. Мұнда жас жұмысшылардың еңбек ұйымдастыруын жолға қою, олардың өнімді еңбек етуіне қажетті жағдай жасау ескерілмеген. Соның салдарынан училище бітірген жас мамандар көбіне істейтін жұмыс таба алмай, бостан-бос жүреді. Сол сыяқты, мұнда оларды озат еңбек әдістерімен таныстыру жұмыстары да нашар жүргізіле-

Быйылғы жылы бұл құрылыс мекемесіне еңбек резервтері мектебін бітірген түрлі мамандықтары бар 111 жас жұмысшы келген еді. Бірақ, олардың көпшілігі көзір өз мамандықтары бойынша жұмыс істей алмай жүр. Мәселен, ағаш шебері мамандығы бар 11 жұмысшы беренелер мен тақтайларды сұрыптаушы болып ғана жұмыс істейді. Ал, көптеген жас мамандар шлак-бетон заводтарында көмекші жұмысшылар қызметін атқарады. Мұның өзі көп реттерде жас мамандардың шеберліктерін арттыруға мүмкіншілік бермейтіндігін айтпағанның өзінде, олардың материалдық тұрмыс жағдайларына керісінше әсерін тигізуде.

Жас мамандардың өнімді еңбек етіп өз мамандықтары бойынша шеберліктерін арттыруға жағдай жасамаушылық сыяқты фактілер көптеген өнеркәсіп орындарында жиі кездеседі. Сондықтан да мекеме басшылары жас жұмысшылардың орынды пайдаланылуына ерекше назар аударулары керек.

**Қ. ЖУМАЛИЕВ.**

## Дүкен ашылса екен

Преснов ауданы Жданов атындағы колхоздың Тауаған бөлімшесінде 100-ден астам үй бар. Ондағы колхозшылар егін жыйнау науқанында қажырлы еңбек етіп жүр. Оларға күнделікті тұтыну заттарды алу үшін бірнеше километрлік қашықтықта тұратын Қызылөскер совхозының дүкеніне баруға тура келеді. Өйткені, Николаевка сельпосының Тауағаштағы дүкен бөлімшесі істемей жабық тұрғанына бір айдан асып кетті. Сельпо басшылары дүкенді ашып, сауда жүргізудің орнына, товарларды қашқа салып, колхозшы Некобаевтың үйінде сақтап отыр. Сылтаулары: «Дүкенге қолайлы үй жоқ» дегенді айтады. Оның үстіне көшпелі дүкен де келмейді. Сондықтан, колхоз егіншілері бұрынғы дүкен үйін қайта ашып, сауда жүргізілсін деп бірнеше рет сельпо председателі Шолонов жолдасқа ұсыныс жасады. Бірақ, Шолонов жолдас колхоз-

шылар тілегін орындамай келеді. Соның салдарынан дүкен айлық товар айналымының 70 мың сомдық жоспарын мүлде орындаған жоқ.

«Дүкенді неге жаптыңыз, бізге тұтыну заттары керек қой», деген колхозшыларға:

—Колхоз жақсы дүкен үйін салсын, салмаса товар сатылмайды,—деп жауап береді Шолонов жолдас.

Бұл арыз аудандық тұтынушылар одағының басшыларына да бірнеше рет айтылды. Алайда, тілегіміз орындалмай келеді. Ендігі көмекті облыстық тұтынушылар одағының басшыларынан күтіп, Тауаған егіншілерін қажетті товарлармен қамтамасыз етуін сұраймыз.

**Б. ЕЛЕУСІЗОВ,**

**С. НУРТАЗИН.**

**Колхоз мүшелері.**

## «Ленин туының» дабылдан кейін

### Балалар яслин ашуға көңіл бөлінбей отыр

Газетіміздің осы жылғы 4 июльдегі номерінде «Балалар яслин ашуға көңіл бөлінбей отыр» деген тақырыпта тілші хаты жарияланды.

Бұл хатта Приешім ауданындағы «Культурный пахарь» ауылшаруашылық артелиіндегі еңбек жасындағы жас балалы әйелдердің колхоз өндірісіне қатнасай отырмағандығы, ал, колхоз председателі Д. Коваленко, партия ұйымының секретары Г. Родионов колхоз орталығынан ясли үйін ашуға көңіл бөлмей келгендігі атап көрсетілген.

Газет сыны бойынша тексеріс жүргізі-

генде онда көрсетілген фактілер толығымен анықталды. Тексерістің қорытындысы «Культурный пахарь» ауылшаруашылық артелинің басқарма мәжілісінде талқыланды.

Көзір, колхозда жақсы жабдықталған балалар ясли жұмыс істейді. Балаларға тағам уақытында және жақсы дайындалып беріледі. Сол сыяқты, онда ойыншық, төсек-орын да жеткілікті.

**М. БУЯНСКИЙ,**

**Приешім аудандық Совет атқомінің председателінің орынбасары.**

# Болгар халқы социализм жолында

1954 жылы 9 сентябрьде коммунистік партия отандық майданға топтастырған болгар халқының, совет армиясының тарихи жеңістеріне сүйене отырып, гитлеризмді жеңгеніне, өз елінде монарх-фашистік диктатураны құлатқанына, шешелге тәуелділіктен азат болып, үкіметті өз қолына алғанына 10 жыл толады. 1944 жылдың 9 сентябрі социализмге желкізетін халықтық-демократиялық революция жолына түскен болгар халқының жаңа, еркін және бақытты тұрмысының басталған күні.

Өткен онжылдықтың ішінде халықтық демократиялық құрылыс Болгарияның бет-бейнесін өзгертті. Болгар халқының тұрмысындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ұлы өзгерістерге лайықты баға беру үшін Болгарияның бұдан бір аз уақыт бұрын қандай күйде болғанын еске түсіру керек.

Дүниежүзілік екінші соғыс жылдары туралы айтылғанның өзінде, соғыстан бұрынғы уақытта Болгария экономика жағынан Европаның ең мейлінше дамыған елдерінің бірі еді. Өнеркәсіпте тұтыну заттарының өндірісі басым еді. Техника тым дегендей дамыған болды. Табиғат байлықтарының пайдаланылуы нашар еді. Ауыл шаруашылығы мүшкіл жағдайда еді: егін шығындылығы жағынан Болгария дүние жүзінде ақырғы орындардың біріде болды. Аштық жағдайда өмір сүріп отырған еңбекшілерді біртөп байлар мен шетел капиталистері қанап келді.

Сөйтіп бір онжылдықтың ішінде ғана бұрын артта қалған ел капитализмнің езугішінен азаттық алған бұқараның еңбектегі ынта-жігеріне және Совет Одағының қалтқысыз жәрдеміне сүйене отырып, өзінің дамуында шын мәнісінде алып адыммен алға басты. Халық шаруашылығын өркендетудің 1949-1953 жылдарға арналған, социализмнің экономикалық негіздерін салуды басты міндет етіп көздеген бірінші бесжылдық жоспары төрт жылда орындалды. Бірінші бесжылдықтың ойдағыдай аяқтаудың нәтижесінде Болгария 1952 жылдың аяғында-ақ бұрын артта қалған аграрлық елден индустриялы-аграрлы елге айналды. Егер 1939 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімі 33,8 процент, ал ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 66,2 процент болған болса, 1952 жылы бұл жағдай мүлдем өзгерді: өнеркәсіп өнімі 66,6 процент, ал ауыл шаруашылығының өнімі 33,4 процент болды. 1939 жылғы өндіріс құралдарының өндірілуі барлық өнеркәсіп өнімінің 23 проценті мөлшерінде еді, ал 1953 жылы ол 40 проценттен асып түсті.

Болгар халқы елді индустриаландыру ісін ойдағыдай жүзеге асыруда, қазіргі уақытта өнеркәсіптің бір ғана формасы социалистік өнеркәсіп болып табылады. Өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі соғыстан бұрынғы дәрежесінен (1939 жылдың дәрежесінен) төрт еседен аса өсіріліп, болгар халқы өнеркәсіптің бірсыпыра жаңа салаларын машина жасау—металлургия, электротехника, химия құрылыс материалдары өнеркәсіптерін құрды. Ел ішінде түсті металлургияның өндірісінің үлесі

шылықтарының 52,3 проценті болды. Болгар деревнясында кооперативтік құрылыс шешуші жеңіске жетті. Мемлекет астықтың үштен екі бөлегін ауыл шаруашылығының қоғамдастырылған секторынан алып, астық проблемасын шешті. Ел ішінде мемлекеттік және кооперативтік сауда толық үстем болды.

Болгарияның бірінші бесжылдық жоспарының міндеттері Совет Одағының жәрдемі және болгар халқының жанқиярлық еңбегі арқасында төрт жыл ішінде ойдағыдай орындалды. Бірінші бесжылдықты ойдағыдай аяқтаудың нәтижесінде республикада социализмнің негіздері құрылды және еңбекшілердің материалдық, мәдени-әлеуметтік дәрежесін мықтап арттыру үшін керекті жағдайлар жасалды. Болгарияның халықтық табысы ескі құрылыс тұсында дүние жүзіндегі ең аз табыстардың бірі болған болса 1952 жылдың өзінде-ақ соғыстан бұрынғы дәрежесінен екі есе асып түсті.

1952 жылы жүргізілген алғаш реформасы және картотка системасының жойылуы, сонымен қатар көпшілік тұтынатын заттар бағасының үздіксіз арзандатылуы еңбекшілердің нақтылы жалақысы мен шаруалар табысының артуына итілікті әсерін тигізді. Еңбекшілерді пәтер-үймен қамтамасыз ету ісі жақсартады. Бірінші бесжылдықтың төрт жылдың ішінде жалпы көлемі 3,4 миллион шаршы метрден асатын пәтер үйлер салынды. Тегін медициналық қызмет көрсету ісі енгізілді, бұған мемлекет көп қаржы бөліп отырды. Қазіргі уақытта Болгарияда 900 адамға бір дәрігер келеді, ал Францияда—1 мың адамға, Германияда 1060 адамға бір дәрігер келеді. Ауруханалардың, санаторийлердің және демалыс үйлерінің саны бірнеше есе көбейді. Ана мен баланың денсаулығын сақтауға зор көңіл бөлінеді. 1939 жылы ел ішінде әйелдер босанатын бір ғана үй бар еді, ал балалар ясли мүлдем жоқ еді. Қазір әйелдер босанатын 658 үй және жүздеген яслилер бар. Мемлекеттік бюджет бойынша халықтың денсаулығын сақтауға бөлінетін қаржы өткен жылы 1939 жылдағыдан 70 есе артық болды, ал быйылғы жылы соғыстан бұрынғы дәрежесінен 80 есе артып отыр.

Болгария мәдениет революциясын жасауда. Ересек халықтың сауатсыздығы толық дерлік жойылды. Оқу орындарының саны өлшеусіз көбейді, міндетті тегін бастауыш білім алу енгізілді. 1939 жылғымен салыстырғанда жоғары оқу орындарының саны төрт есе, ал студенттер саны—үш еседен аса көбейді.

Қазір болгар халқы халық шаруашылығын өркендетудің 1953-1957 жылдарға арналған екінші бесжылдық жоспарын орындау жолында аянбай еңбек етуде. Быйылғы жылы февраль-мартта болған Болгария коммунистік партиясының VI съезінде екінші бесжылдық жөніндегі директивалар бекітілді. Екінші бесжылдық—социализм құрылысын бұдан былай жүргізуде болгар халқын рухандыратын аса зор программасы. Партияның VI съезі ел-

ра ірі өнеркәсіп орындары, соның ішінде Болгария қара металлургиясының тұңғышы—Ленин атындағы металлургия зауыты іске қосылды. Көптеген жаңа мектептер, ауруханалар, мәдениет ошақтары салынды. Жұмысшылар мен қызметшілердің саны 57 мың адам көбейді. Ұлттық табыс 16 процент артты.

Мемлекеттік бюджет және 1954 жылға арналған халық шаруашылық жоспары мемлекеттің халық игілігі жөнінде үздіксіз қамқорлық іспен отырғандығын көрсетеді. Мынаны айтса да жеткілікті: халықтың мұқтажын өтеуле жұмсалатын күрделі қаражат өткен жылғымен салыстырғанда быйылғы жылы 597 миллион лев артады. Быйылғы жылы салынатын пәтер-үй көлемі өткен жылдағыдан 60 процент артық болады. 1954 жылдың жоспары Болгарияның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының барлық салаларының онан әрі өркендетілуін көздейді.

Болгар халқы өзінің азаттық алғандығының онжылдығын зор саяси және еңбек белсенділігімен қарсы алып отыр. Ел ішіндегі ең ірі Димитров көмір бассейнінің шахтерлері 18 августа көмір өндірудің 8 айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындағандығы туралы рапорт берді. Электр өнеркәсібінің қызметкерлері мерекені әдеуір табыстармен қарсы алуда. Димитровградтағы В. Червенков атындағы бу электрстанциясы мейрамның құрметіне халық шаруашылығына жоспардан артық төрт миллион киловатт—сағаттан астам электр қуатын берді. «Росица» су электр станциясы электр өндірудің жылдық жоспарын мерзімінен бұрын, 21 августа орындады. Өнеркәсіптің басқа салаларының жұмысшылары да жоспарларын мерзімінен бұрын орындағандығы туралы рапорт беруде.

Болгария коммунистік партиясының VI съезі халықтық демократиялық құрылысты және оның негізі болып табылатын, еңбекші интеллигенция мен отандық майданға бірігіп отырған еңбекші шаруалар мен жұмысшылардың одағын одан сайын нығайту міндетін алға қойды. Отандық майданның басшысы Болгарияның коммунистік партиясы болып табылады, ол болгар халқының жалпы жұрт таныған басшы және бағыт сілтеуші күші. Болгар халқы өзінің халықтық үкметін қажымай-талмай нығайтуда, өйткені халықтық мемлекет социализм орнатудың басты құралы болып табылатындығын ол жақсы біледі.

Болгар халық республикасы бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретінде өркендеуде. Социализм құрылысымен бүтіндей шұғылданып жатқан болгар халқы Европада және бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік сақтау мүддесін бар ынтамен көздеп отыр.

Сондықтан ол Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы советтік ұсыныстарды шын жүректен құттықтап отыр және халықаралық даулы мәселелердің бәрін бейбіт жолмен реттеуді дөйекті түрде жақтап шығып отыр. Совет Одағы бастап отырған бейбітшілік, демократия және социализм жөніндегі

## Вьетнам Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары және сыртқы істер министрі Фам Ван Донгтың мәлімдемесі

ШАНХАЙ, 4 сентябрь. (СОТА). Вьетнам информативтік агенттігі Вьетнам Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары және сыртқы істер министрі Фам Ван Донгтың Вьетнам тәуелсіздігінің жариялану жылдығына байланысты мәлімдемесін берді.

«Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі мен вьетнам халқы,—деп мәлімдейді Фам Ван Донг,—СЕАТО (Оңтүстік Шығыс Азиядағы АҚШ жасақтап отырған соғыс блогі.—Ред.) деп аталатынның жасақталуына қарсы, уақытына бітім туралы келіссөздің шарттарын орындауды бұздыруға американдық империалистерінің арам ниетінің отырғанына қарсы және Индо-Қытайдағы бейбітшілікті қалпына келтіру ісін саботаждыққа салуға қарсы батыл наразылық білдіреді». СЕАТО-ның мақсаттарын сипаттай келіп, Фам Ван Донг «бұл блоктің көздеп отырған мақсаты Женева келісімдерінің орындалуын болдырмау, Оңтүстік-Шығыс Азияда шиеленісті жасап, жағдайды бытыртыру Вьетнам, Лаос, Камбоджа және Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа көптеген елдерінің ішкі істеріне американдық империалистерінің қол сұғуына қолайлы жағдай жасау, сөйтіп, бұл елдерді американдық отарлары мен соғыс базаларына айналдыру екендігін атап көрсетті. Бұл арам ниет бүкіл дүние жүзінде үстемдік орнатудың және үшінші дүниежүзілік соғыстың аяқталу мақсатындағы американдық империалистері саясатының бір бөлігі болып табылады».

Онан әрі Фам Ван Донг былай деді: «Уақытына бітім туралы келіссөздерге Женевада қол қойылуына елеулі дәрежеде көмектескен және сондай дәрежеде Индо-Қытайда келісім мен бейбітшіліктің жүзеге асырылуына көмектесіп отырған Француз үкметіне келетін болсақ, біздің пікірімізше, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы айқын агрессияның блок болып табылатын СЕАТО блогін жасақтау жөніндегі әрекетке Француз үкметінің қатысуы оның өзі қол қойған және Женева келісінде оның өзі келіскен жағдайларға қайшы келеді».

Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің саясатына тоқтай келіп, Фам Ван Донг былай деп мәлімдеді: «Индо-Қытайда келісім мен тынақты және тұрақты бейбітшілікті қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін вьетнам халқы және Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің басқа елдердің халықтарымен бейбітшілік

және достық саясатын тайсалмай жүргізуге, әлемдегі басқа елдермен қолайлы қарым-қатынас орнату саясатын жүргізуге батылдығы жеткілікті».

Бәрінен бұрын, Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі Совет Одағымен, Қытаймен және халықтық демократия елдерімен туысқандық қарым-қатынасты нығайтуға тырысады, өйткені, бұл туысқандық қарым-қатынас бейбітшілікті сақтаудың және оны нығайтудың негізгі шарты болып табылады.

Президент Хо Ши Миннің 1954 жылғы 6 июльде мәлімдегеніндей, Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі мен Лаос корольдік үкметінің, сол сияқты Камбоджа корольдік үкметінің араларындағы достық, тату-қарым-қатынастары Қытай-Индия және Қытай—Бирман декларацияларында баяндалған бес принциптің негізінде орнатылуға тиіс, ол Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру және оны нығайтуға әдеуір дәрежеде көмектесетін болады деп есептейді.

Осы бес принциптің негізінде Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі сол сияқты бейбітшілікті сақтау және оны нығайту күзетінде бірге болу үшін Оңтүстік-Шығыс Азияның барлық елдерімен достық қарым-қатынасты нығайтуға болады деп сенеді.

Францияға келетін болсақ, Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі келісім туралы Женевада келіссөздерге қол қоюды қалпына келтіріп, Француз үкметімен арадағы қарым-қатынасты нығайтуға тырысады. Бұл қарым-қатынастар сенім мен достықтың қарым-қатынастары болады деп сенеміз, өйткені мұндай қарым-қатынас соғысты тоқтатуға ғана бағытталған емес, сол сияқты Индо-Қытайда баянды және тұрақты бейбітшілікті қалпына келтіруді, теңдік және өзара тиімділік негізінде Вьетнам мен Францияның арасында қарым-қатынасты орнатуға бағытталған қол қойылған келісімді адалынан орындауды қажетті шарты болып табылады. Осы мақсатқа жетісу үшін Француз үкметі жеткілікті күш-жігер жұмсауға, әсіресе, Женева келісінде қол қойылған және келісілген шарттарға қайшы келетін барлық әрекеттерден аулақ болуға тиіс».

## Цитаудағы халықаралық „бейбітшілік кездесуі“

БЕРЛИН, 6 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Цитауда (Дрезден округі) халықаралық „бейбітшілік кездесуі“ болған, оған Германияның екі бөлегіндегі бейбітшілік үшін күрескерлердің өкілдері, сол сияқты Совет Одағының, Францияның, Польшаның

Соғыс өртің тұтатушылар басқаша тәсілдермен халықтарға герман милитаризмін қайтадан тірілтудің программасын тастауға әрекеттенуі. Пешон АҚШ-тың Европадағы соғыс жоспарларына қарсы күресте неміс халқының елеулі роль атқаратындығын баса көрсетті. Вьетнам

## БОЛГАРИЯНЫҢ АЗАТ ЕТІЛУІНІҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫНА

Совет Одағының еңбекшілері Болгарияда фашистік үстемдіктің құлатылғанына 10 жыл тодуын атап өтуде. Шетел әдебиетінің Бүкілодақтық кітапханасы осы датаға болгар және орыс тілдерінде басылған кітаптар мен журналдардың, газеттердің көрмесін арнады. Көрменің материалдары Болгария Халық Республикасының өмірі туралы, өткен 10 жылдың ішінде елде болған әлеуметтік орасан зор өзгерістер туралы баяндайды. Көрме өмірге бейім болгар-совет достығының өлшеусіз өсіп нығайғандығын, ССРО және Болгария халықтарының арасындағы экономикалық және мәдени байланыстарының кеңінен өрісетілендігін көрсетеді.

Совет елінде болгар әдебиетін басып шығару орасан зор өріс алуда. Совет үкметі жылдарының ішінде, Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметтері бойынша, 24 болгар жазушысының шығармалары 132 рет басылып шыққан. Басылған шығармалардың жалпы тиражы 13 тілде 5 миллион данаға жеткен. Болгар әдебиеті классиктерінің творчествосы совет елінде оқушылар жұртшылығына жақсы таныс. И. Вазов шығармалары совет елінде 20 рет, Л. Стоянов шығармалары 11 рет, Х. Бопев шығармалары 7 рет басылып шыққан.

Шетел әдебиетінің баспасы қазіргі болгар жазушыларының шығармаларын басып шығаруда. Л. Методиетің өлеңмен жазылған «Жас ұрпақтар» романы баспадан шықты. Жыл аяғына дейін И. Мартиновтың екі повесті басылып шығатын болады.

## ПОЛЬШАДА ЦЕМЕНТ ӨНЕРКӘСІБІНІ ДАМУЫ

ВАРШАВА, 6 сентябрь. (СОТА). Алты жылдық жоспардың ең ірі құрылыс орындарының бірі Люблин воєводствосындағы «Рейовен—2» цемент зауытының құрылысшылары жаңа табыстарға ие болды. Жұырда мұнда өздігінен айналып тұратын бірінші шеш пайдалануға берілді. Жұырда зауыттың мұнан басқатағы осындай екі неші пайдалануға берілді.

Польшаның цемент өнеркәсібі халықтық өкмет билігі жылдарында үлкен өріс алды. «Одер», «Вешница» және басқалары сияқты ірі-ірі цемент заводтары салынды. Соғыстан бұрынғы жылмен салыстырғанда Польшада цемент өндіру екі есеге жуық артты.

## НЕРУДІҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА БАРАТЫН САПАРЫ ТУРАЛЫ

ПЕКИН, 6 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметінің шақыруы бойынша октябрьдің орта шенінде Индия республикасының премьер-министрі және сыртқы істер министрі Нандит Джавахарлал Неру Индия үкметінің атынан Қытайға әкімшілік ниетпен сапар шегеді.

## БРИТАН ТРЕД-ЮНИОНДАРЫНЫҢ ЖЫЛ САЙЫН ШАҚЫРЫЛАТЫН 86-шы

салынды. Өнеркәсіптің жаңа орталықтары Димитровград, Бурджали, Мадан, Бургас иыс ауданы және басқалары салынды. Қоры мол мұнай кендері ашылды. Елдің тез индустриализацияның барысында Болгарияның отандық ауыр өнеркәсібі өсіп нығайда, барған сайын оның үлес салмағы артады.

1939 жылғымен салыстырғанда машина жасау өнеркәсібінің өнімі 90 еседен аса, руда өндірісі 43 есе артты. Бірінші бесжылдықтың төрт жылында 700-ден астам фабрикалар мен заводтар, соның ішінде В.И. Ленин атындағы металлургия заводның бірінші кезегі, И.В. Сталин атындағы химия комбинаты салынды. Елді электрлендіру ісі ерекше көп өріс алды. Жеңіл және тамақ өнеркәсіптері өнімінің өндірілуі соғыстан бұрынғы дәрежесінен бірнеше есе артты.

Ауыл шаруашылығы саласында да едәуір табыстарға қол жетті. Егіс көлемі жылдан-жылға ұлғайтыла, дәнді дақылдардың шығымдылығы артады, мал шаруашылығының өнімділігі өсуде. Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру ісі ойдағыдай жүзеге асырылуда. Кооперативтік егіншілік еңбек шаруашылықтары ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың олар үшін қолайлы формасы болып табылатындығына, оларды кедейшілік пен қайыршылықтан құтқара алатындығына еңбекші шаруалардың барған сайын көзі жетуде. Кедейлер мен орташалардың басым көпшілігі көзін өзінде-ақ кооперативтік еңбек шаруашылықтарына кірді. 1952 жылдың өзінде-ақ Болгарияда коллективтік шаруашылықтың егіс көлемі барлық жыртылатын жердің 60,5 процентіне жетті, ал кооперативтендірілген шаруа үйлері барлық шаруа шаруашы-

лықтың материалдық және мәдени әлауқат дәрежесін мықтап арттыру міндетін қойды. 1952 жылдың аяғында ұлттық табыс 1952 жылғы дәрежесінен кем дегенде 50 процент асып түседі. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалмақысы және шаруалардың табысы кемінде 40 процент артады. Сауда айналымы тиісінше, ең кем дегенде 70 процент өседі.

Екінші бесжылдықта Болгария экономикалық және мәдени өркендеу жағынан оған сайын көп алға басады. Өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 60 процент, электр қуатының өндірілуі екі есе артады. Көмір өнеркәсібіне қаржы бірінші бесжылдықтағыдан бес есе артық жұмсалады. Қара металлургия мен түсті металлургия едәуір өркендетіледі: қорғасын-мырыш заводы салынады, Ленин атындағы металлургия заводы кеңейтіледі, мыс қорыту заводы салына бастайды. Екінші бесжылдықтың басты міндетіне — еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін мықтап арттыру міндетіне сәйкес жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің өнімін шығару көп арттырылады. Ауыл шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржы бірінші бесжылдықтағымен салыстырғанда 2,3 еседен аса, ал, қоғамдастырылған шаруашылыққа жұмсалатын күрделі қаржының көлемі үш есе артады. Трактор ларкі саны екі есе көбейді. Мұның өзі ауылшаруашылық өндірісін мықтап көтеруге мүмкіндік береді. Мектептер, мәдени-ағарту және емдеу орындарының саны көбейіп, бұлар оған сайын едәуір өркендетіледі.

Екінші бесжылдықтың бірінші жылының, яғни 1953 жылдың жоспары болғар халқы табыспен аяқтады. 1952 жылғымен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 12 процент артты. Біреш-

тық демократия елдерімен халықаралық қатынастар тарихында болып көрмеген жаңа қатынастар орнатып, оны күшейте отырып, бұлармен тең бәтәмақтасуда, мұның айқын бір белгісі, атап айтқанда, Румын халқымен бірлесіп, Совет Одағының жәрдемімен, Болгарияны Румыния мен жалғастыратын Дунай арқылы темір жол және автомобиль көпірін салу болды. Екі елдің халықтары бұл көпінді мәңгі достық және туысқандық көпірі деп атады.

Болгарияда социалистік құрылыстың табыстарына Совет Одағының қалқысыз жәрдемінің арқасында қол жетті. «Әрбір жанды затқа күн мен азу қандай керек болса, болғар халқы үшін Совет Одағымен достық сондай керек» деп сан рет көрсеткен Георги Димитровтың өсиетін болғар халқы қасиеттеп орындауда.

Бейбітшілік және жалпы хауіпсіздік ісіне берілген болғар үкметі халықтың тұрмыс мүдделеріне сай келетін өзінің дербес сыртқы саясатын, бейбітшілік, мемлекеттер арасында бәтәмақтасу және іскерлік айналыстарды дамыту саясатын үздіксіз жүргізіп келеді.

Болгарияның соңғы он жыл ішіндегі даму жолы — халықтық демократиялық құрылыстың ұлы өмірлік күшін айқын дәлелдейді. Бұл құрылыстың табыстары үкметті және өз тағдырын өз қолына алған халық жеңілмейді, деген дүріс ақиқатты тағы да дәлелден отыр. Қол жеткен табыстармен және Совет Одағының барлық жағынан бірдей көрсетіп отырған көмегімен рухтанған өзінің коммунистік партиясының төңірегінде берік топтасқан болғар халқы зор сеніммен социализмге қарай алға басып келеді.

П. ВИНУКОВ

### «Бейбітшілік сапарына» қатысушылардың Хельсинкиге келуі

ХЕЛЬСИНКИ, 4 сентябрь. (СОТА). Балтық теңізінің жағалауындағы елдерге «бейбітшілік сапарын» жасаған «Батоний» кемесі Хельсинкиге келді. «Батоний» кемесінің келуімен байланысты «Финляндиядағы бейбітшілікті жақтаушылар», ұйымы басшылығының салтанатты мәжілісі болып, оған Швеция, Норвегия, Герман Демократиялық Республикасы, Польша және Совет Одағының бейбітшілік жақтаушылары комитеттерінің өкілдері қатысты.

### 1954 жылдың халықаралық Лейпциг жәрменкесінің ашылуы

БЕРЛИН, 4 сентябрь. (СОТА). Бүгін кешке Лейпцигте Шаушильхауз үйінде 1954 жылдың Халықаралық Лейпциг жәрменкесінің салтанатты түрде ашылуы болды. Жәрменкесінің ашылуында Герман Демократиялық Республикасының Премьер министрі Отто Гротеволь сөз сөйледі.

### ГДР-де БАҒАНЫҢ ЖАҚАДАН ТӨМЕНДЕУІ

БЕРЛИН, 5 сентябрь. (СОТА). Бүгін газеттерде Герман Демократиялық Республикасының Министрлер Советінің мәжілісі туралы мазмұндама жарияланды, онда 1954 жылдың 3 сентябрінен бастап азық-түлік және өнеркәсіп товарларының, сол сияқты, почта телеграф тарифтерінің бағасы жақадан көптен кеміту туралы ГДР үкметі қарар қабылдады.

### ГДР-де ШПИОНДАР ТОБЫРЫНА СОТ

БЕРЛИН, 4 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Галле қаласында батыс герман кәсіподақтарының оңшыл басшылары жасақтаған «шығыс бюросы» деп аталатын шпиондар ұйымының агенттерінің бір тобына болған сот аяқталған.

Сотқа тартылғандар: Карл Гейц, Кайзер, Пауль Геттер, Гельмут, Штуднер,

### ИНДО-ҚЫТАЙДАҒЫ КЕЛІСІМ ЖАЙЫНДА

ШАНХАЙ, 4 сентябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына қарағанда, 1950 жылы Вьетнам Халық армиясы тұтқынға алған полковник-

Қарарға сәйкес мемлекеттік, кооператив және жекеменшікті ұсақ сауда сәттерінде алтыншы сентябрьден бастап орта есеппен алғанда маргарин 31 процент, мал майы 41,6 процент, өсімдік майы — 45 процент, бидай ұны және бидай ұнынан жасалған нан тағамдары 21 процент, қант тағамдары 15-30 процент, былғары аяқкіімдері 30 процент кемітіледі.

Пауль Филип және Эмма Кайбер. Олар бірнеше жылдан бері Галле округіне шпиондықпен айналысып, онда бүлдіру әрекеттерін жүргізген.

Сот Кайзерді 12 жылға, Геттер мен Штуднерді 9 жылдан, Филип пен Э. Кайберді 8 жылдан еңбекпен түзету жазасына үкім етті.

### ИНДО-ҚЫТАЙДАҒЫ КЕЛІСІМ ЖАЙЫНДА

тер Шартон мен Ленаж екінші сентябрьде Вьет-Триде француздар жағына қайтарылып берілген. Сол күні 723 француз соғыс тұтқындары, (ішінде 283 офицер бар), босатылған.

Кореяның, Солтүстік Африканың және Қурама Штаттардың делегаттары қатысуда. Неміс жұмысшы қозғалысына белсене қатынасушы О. Бухвиц өзінің сөйлеген сөзінде Цитаудағы халықаралық кездесу дүние жүзі халықтарының жаңа соғысты ашуды болдырмау тілегінде біртұтас өкендігінің айқын сипаттамасы болып табылады деп атап көрсетті.

Францияның делегаты Арман Пиншон «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды ұлттық жыйналысқа қабылдағырмай тастап, француз халқы жеңіске жетті деп мәлімдейді. Француз халқы мұнымен соғысқа «жоқ» деп жауап берді және бұл «жоқ» деген жауап мың мәртебә қайталанатын болады.

Алайда, деп баса көрсетті Арман Пиншон, соғыс хауіп әлі жойылған жоқ.

## Оңтүстік-Шығыс азиядағы агрессияшыл блоктің жасақталуына қарсы

ПЕКИН, 4 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Пакисанның «Имроз» газеті Қурама Штаттар жасақтамаушы болған Оңтүстік-Шығыс Азиядағы (СЕАТО) соғыс блогына қатысуға Пакисан үкметінің келісім білдіретінін айыптады деп хабарлайды. СЕАТО-ны жасақтау жөніндегі Қурама Штаттар ұсыған жоба, деп жазады газет, Азияда жағдайды шиеленістіруге бағытталған бұл блокке қатысу Пакисанға зиян келтіреді.

«Имроз» СЕАТО блогін отарлаушы державалар жасақтап отыр, олар Азия елдерінен соғыс базаларымен солдаттарды талап ететінін атап көрсетеді. «Бірде-бір патриот, — деп жазады газет, — мұндай жағдайды қабылдамауға тиіс».

Газет Қурама Штаттар Чан Кай-ши мен Ли Сын Маньның тобыларын қолдайтындығын жариялады, ал, олар Қытай мен Солтүстік Кореяға тарпа бас салуға ұмтылып отырғандығын ешуақытта жасырған емес деп атап көрсетеді. СЕАТО-

### КОВЕНТРИ МУНИЦИПАЛДЫҚ СОВЕТИ МҮШЕСІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 6 сентябрь. (СОТА). Сталинград қалалық Советінің атқару комитеті Ковентри қаласының лорд-мәріне Сталинградқа кедуге шақырған хат жолдады деген хабар Ковентриде зор қанағаттандылықпен қарсы алынды.

Ковентриден «Таймсті» тілшісі осы шақырумен байланысты Ковентри муниципалдық советінің лейбористік көпшілігінің басшысы Стрингер: «Орыстардың бұл хабарды жібергендігін мен зор қуанышпен естіп білдім».

Стрингер Сталинград қалалық Советінің атқару комитетінің шақыруы Ковентри мен Сталинград арасындағы достық қарым-қатынастар Комитетінің арнаулы мәжілісінде талқыланатын болады деп мәлімдеді.

Бейбітшілік үшін күрескерлердің Неміс комитетінің бас секретары Г. Вильман өзінің сөзінде: «Немістер өздерінің мүдделеріне жат мүдделер үшін ешуақытта да қайтадан қол төкелуге тиіс деп салтанатты түрде мәлімдейміз. Сондықтан Шығыс және Батыс арасындағы немістер арасында келісім қажет. Біз Европада коллективтік хауіпсіздіктің жүйесін жасау жөніндегі Совет Одағының ұсынысын құттықтаймыз» деп мәлімдеді.

Бейбітшілік үшін күрескерлердің Неміс комитетінің бас секретары Г. Вильман өзінің сөзінде: «Немістер өздерінің мүдделеріне жат мүдделер үшін ешуақытта да қайтадан қол төкелуге тиіс деп салтанатты түрде мәлімдейміз. Сондықтан Шығыс және Батыс арасындағы немістер арасында келісім қажет. Біз Европада коллективтік хауіпсіздіктің жүйесін жасау жөніндегі Совет Одағының ұсынысын құттықтаймыз» деп мәлімдеді.

БРАЙТОН, 6 сентябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін Брайтонда Британ тред-юниондарының жыл сайын шақырылатын 86-шы конгресі ашылды. Конгрестің жұмысына қатарында 8 миллион 94 мың 837 мүшесі бар 184 кәсіподақ ұйымдарынан сайланған 973 делегат қатысуда.

### АМЕРИКАНДАРДЫҢ НҮСҚАУЫ БОЙЫНША

БЕРЛИН, 5 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, америкалық оккупацияшыл өкмет орындарының бұйрығы бойынша Бонн байланыс министрілігі Үлкен Берлин мен Гамбург арасындағы халықаралық телефон байланысын 1 сентябрьден бастап үзген.

Хабарда бұл байланыс батыс герман топтарының көптеген тілектерінің негізінде, әсіресе, Батыс Герман фирмалары мен Лейпциг жәрменкесіндегі баспасөз өкілдерінің мүдделері негізінде орнатылғандығы атап көрсетіледі.

Редактордың орынбасары  
Г. НҮРМОЛДИН.

## Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«АЛЕКО»

Сеанстар 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ТУҒАН ХАЛЫҚҚА»

Сеанстар 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Қалалық сауда бөлімінің автомобильдерге жүк тиеу шаруашылығына — жүк тиеушілер, шоферлар, ұсталар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібін, қызмет уақытында Коммунист көшесі, 26-үйге келіп білуге болады.

Петропавлдағы «Строитель» артелі шатыр жабатын тольдер мен ағандіңкестерді майлауға арналған, қарамайдан жасалған клебомасса сатады.

Мына адреске келіп жолығуға болады. «Строитель» артелінің басқармасы «Есіл» өзенінің сыртында.

Петропавл қаласы, Совет көшесі, 114 үйде тұрушы Валентина Николаевна Брусенцова, Иван Николаевич Брусенцовтан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Солтүстік Қазақстан облыстық халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-36, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02653. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.